Аннотация: Индустриализация привела к серьезным экологическим вызовам, прежде всего к загрязнению водных объектов стойкими органическими загрязнителями (СОЗ), такими как фармацевтические препараты, синтетические красители и токсичные органические соединения. Традиционные методы очистки, включая биологические процессы и коагуляцию, часто оказываются недостаточными для полной деградации этих химически стабильных веществ. В данном обзоре систематически рассматривается применение Фентон-подобных систем как перспективного процесса глубокого окисления (AOP) для детоксикации промышленных сточных вод. В частности, цель обзора заключается в сравнении эффективности деградации трёх приоритетных классов загрязнителей – токсичных органических соединений, синтетических красителей и фармацевтических остатков – и определении каталитических и эксплуатационных факторов, влияющих на работу процесса, а также оценке технико-экономических ограничений, связанных с промышленным масштабированием. Подробно описаны принципы работы и каталитические циклы с участием активных гидроксильных радикалов (•OH), при этом особое внимание уделяется переходу от классических гомогенных реакций к более универсальным гетерогенным системам. Современные достижения демонстрируют, что использование переходных металлов (Cu, Mn, Ni) и новых материалов, таких как металлоорганические каркасы (MOF) и биметаллические оксиды, позволяет этим процессам эффективно работать при pH, близком к нейтральному, преодолевая строгие ограничения по кислотности традиционной химии Фентона. Кроме того, показано, что интеграция физических стимулов, таких как ультрафиолетовое излучение (фото-Фентон), электричество (электро-Фентон) и ультразвук (соно-Фентон), значительно повышает генерацию радикалов и скорость минерализации сложных молекул. В обзоре приводится сравнительный анализ эффективности очистки, при которой степень удаления различных групп токсичных веществ часто превышает 95 %. Наконец, обсуждаются технические и экономические ограничения, включая шламообразование и энергоемкость, наряду с перспективами масштабирования этих технологий для устойчивого промышленного применения.

Ключевые слова: Фентон-подобные системы; процессы глубокого окисления; очистка сточных вод; гетерогенный катализ; органические загрязнители; синтетические красители; фармацевтические препараты.

ХҒТАР 06.81.23
Химия
Шолу

MXene синтезіндегі заманауи жетістіктер: катализ және тұрақты энергия сақтау саласындағы қолданылуы

Сейтхан Азат[1], Жадыра Асенгали[1], Инабат Сапаргали[1], Қайнаубек Тоштай[2]*

[1]Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университеті, Алматы, Қазақстан; s.azat@satbayev.university, sapargali.i@mail.ru, zhadyraassengali@gmail.com
[2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан; kainaubek.toshtay@kaznu.kz
*Корреспонденция: kainaubek.toshtay@kaznu.kz

Аңдатпа. Екіөлшемді (2D) MXene материалдар- ауыспалы металдардың карбидтері, нитридтері және карбонитридтерінен тұратын, соңғы жылдары қарқынды дамып келе жатқан функционалдық материалдар класы. MAX-фазалардан селективті химиялық жою арқылы алынатын MXендер жоғары электрөткізгіштік, реттелетін беткі химия, гидрофильділік және қабатты архитектура сияқты бірегей қасиеттер кешенімен ерекшеленеді. Бұл сипаттамалар MXендерді графен мен ауыспалы металдар сияқты дәстүрлі 2D материалдармен салыстырғанда энергия тасымалы мен беткі өзара әрекеттесуді қажет ететін қолданбалар үшін аса тартымды етеді. Осы шолу мақалада MXene синтездеудегі соңғы жетістіктер қарастырылады, дәстүрлі әдістермен қатар, әсіресе фторсыз және фторы аз маршруттарға, соның ішінде электрохимиялық әдіс және еріген тұздармен өңдеу синтез әдістеріне басымдық беріледі. Бұл тәсілдердің беттік функционалдық топтардың табиғатына, құрылымдық тұрақтылыққа және материал қасиеттеріне әсері жүйелі түрде талданады. Сонымен қатар, деламинация, гетероатомдармен легирлеу және гибридтеу стратегиялары MXендердің функционалдық тиімділігін арттырудың негізгі жолдары ретінде талқыланады. MXендердің катализ, энергияны сақтау және түрлендіру салаларындағы кеңейіп келе жатқан қолданбалары құрылым–қасиет–тиімділік байланыстары тұрғысынан қарастырылады. Энергия сақтау құрылғыларында MXene материалдары литий-ионды және мырыш-ионды батареялар мен суперконденсаторларда жоғары сыйымдылық, ұзақ циклдық тұрақтылық және иондардың жылдам тасымалын қамтамасыз етеді. MXene және олардың гибридтік туындылары фотокатализ, электркатализ және көмірқышқыл газын (CO_2) гидрлеу жүйелерінде жоғары тиімділік, тұрақтылық және икемділікті қамтамасыз ететін перспективалы материалдар болып табылады. Бұл шолу MXендерді ұтымды жобалауға арналған біртұтас ғылыми негіз қалыптастырып, орнықты әрі қолданбалы MXene-негізіндегі технологияларды дамытуға бағытталған болашақ зерттеулерге жол ашады.

Түйін сөздер: MAX фаза; Mxene; синтез әдістері; катализ; энергия сақтау

Дәйексөз: Азат, С., Асенгали, Ж., Сапаргали, И., Тоштай, Қ. (2026). MXene синтезіндегі заманауи жетістіктер: катализ және тұрақты энергия сақтау саласындағы қолданылуы. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің хабаршысы. Химия. География сериясы, 155(2), 68-102. https://doi.org/10.32523/3107-278X-2026-155-2-68-102

Академиялық редакторлар:
Э.Е. Копишев,
С.С. Досмағамбетова

Редакцияға түсті: 20.02.2026
Түзетілді: 17.07.2026
Қабылданды: 20.07.2026
Басылымға шықты: 31.07.2026

Copyright: © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/)

1. Кіріспе

Жетілдірілген функционалдық материалдардың қарқынды дамуы энергияның тұрақтылығын қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау және химиялық түрлену үдерістерінің тиімділігін арттыру сияқты мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады. Перспективалы материалдық платформалардың ішінде екіөлшемді (2D) материалдар жоғары бет/көлем қатынасы, электрондық құрылымының реттелгіштігі және бірегей беттік қасиеттері арқасында ерекше назарға ие болды. Графен мен ауыспалы металдардың дихалькогенидтері бастапқы зерттеулерде жетекші орын алғанымен, олардың ішкі шектеулері атап айтқанда, электрондық тыйым салынған аймақтың болмауы немесе электрөткізгіштіктің салыстырмалы түрде төмендігі, баламалы 2D жүйелерді іздеуге түрткі болды. Осы тұрғыда ауыспалы металдардың карбидтері, нитридтері және карбонитридтерінен тұратын 2D материалдар тобы MXene, жоғары әмбебаптығымен және қарқынды дамуымен ерекшеленетін жаңа буын материалдары ретінде қалыптасты (Ahmed, Anjum, Gogotsi, & Alshareef, 2017; Urbankowski et al., 2016; Er, Shenoy, & Barsoum, 2023)

MXene алғаш рет 2011 жылы Ti_3AlC_2 MAX фазаларынан алюминий қабаттарын селективті түрде (etching) алу нәтижесінде, $Ti_2C_2T_x$ наноқабатшалары түрінде синтезделді (Alhabeb et al., 2017). Осы іргелі жаңалықтан кейін, оған қатысты зерттеулер қарқынды түрде дамып, эксперименттік жолмен алынған ондаған құрамдар және теориялық тұрғыда болжанған одан да көп құрылымдар ұсынылды. Көптеген дәстүрлі 2D материалдармен салыстырғанда, MXene металл тәрізді жоғары электрөткізгіштік, гидрофильді беттер, механикалық беріктік және химиялық тұрғыдан белсенді интерфейстер сияқты сирек кездесетін қасиеттер кешенін көрсетеді (Zhao, Que, Chen, & Yang, 2020). Бұл ерекшеліктер MXендерді тиімді заряд тасымалын және берік беткі өзара әрекеттесуді талап ететін қолданбалар үшін, айрықша тартымды материалдарға айналдырады (Sahith et al., 2025).

MXene ауыспалы металдардың карбидтері, нитридтері немесе карбонитридтерінен тұрады. Құрылымдық тұрғыдан, MXene әдетте $M_{n+1}X_nT_x$ жалпы формуласы арқылы беріледі, мұндағы M - бастапқы ауыспалы металл, X - көміртек немесе азот, ал T_x -синтез барысында енгізілетін –OH, –O және –F сияқты беттік функционалдық топтарын білдіреді. n мәні көбіне 1-ден 3-ке дейін өзгеріп, құрылымдық конфигурациялардың кең ауқымын қалыптастырады, ал –Cl немесе –S топтары пассивті қалдықтар емес, керісінше MXендердің электрондық құрылымына, беткі белсенділігіне, қабатаралық қашықтыққа және қоршаған орта тұрақтылығына шешуші әсер ететін маңызды құрамдас бөліктер болып табылады (Kang et al., 2017; Ding et al., 2017). MXендер үшөлшемді (3D) прекурсорлық материалдар-MAX фазаларынан ($M_{n+1}AX_n$) синтезделеді, мұнда A атомдары IIIA немесе IVA топтарына жататын элементтер болып табылады. Бұл синтез стратегиясының негізінде MAX фазаларындағы әртүрлі химиялық байланыстардың беріктік айырмашылығы жатыр: атап айтқанда, M-A байланыстары M-X байланыстарына қарағанда термодинамикалық және химиялық тұрғыдан әлсіз болып келеді. Осы айырмашылықты пайдалана отырып, қышқылдық немесе басқа да белсенді реагенттер көмегімен A қабаты селективті түрде алынып тасталады. Нәтижесінде ауыспалы металл мен көміртек/азот атомдарынан тұратын M-X қаңқасы бұзылмай сақталып, 2D MXene құрылымы түзіледі, бұл материалдың бірегей физика-химиялық қасиеттерінің қалыптасуына негіз болады (Rana, Raza, Anwar, & Nazar, 2025; Elsa et al., 2025). Сондықтан MXene статикалық 2D кристаллдар ретінде қарастыруға болмайды; олар химиялық тұрғыдан бағдарланатын материалдар болып табылады. Олардың қасиеттері синтез және қосымша өңдеу шарттарын ақылмен басқару арқылы бапталуы мүмкін.

MXендерді синтездеудегі соңғы жетістіктер бұл материалдардың құрамдық әртүрлілігін, құрылымдық реттелгіштігін және функционалдық тиімділігін едәуір кеңейтті. Дәстүрлі синтез тәсілдері MAX фазаларынан A-қабат элементтерін селективті түрде алып тастау үшін фторсутек қышқылына (HF) негізделген үдеріске сүйенеді. Алайда, жоғары тиімділігіне қарамастан, HF қолданылатын әдістер қауіпсіздік, қоршаған ортаға әсері және өндірістік

ауқымда жүзеге асыру мүмкіндігі тұрғысынан елеулі мәселелер туындатады. Осыған байланысты соңғы жылдары балама стратегияларды әзірлеуге бағытталған зерттеулер қарқынды дамуда, олардың қатарына HF-тің in situ түзілуі, балқытылған тұздармен жою, электрохимиялық әдістер, сондай-ақ фторсыз немесе фторы аз маршруттар жатады. Бұл жаңа тәсілдер қауіпті химиялық реагенттерді пайдалануды азайтып қана қоймай, беттік химиясын және ақаулардың түзілуін дәлірек басқаруға мүмкіндік береді, сол арқылы қолданысқа бейімделген МХендерді жобалауға жаңа мүмкіндіктер ашады (Li et al., 2017; Naguib et al., 2011; Zhang et al., 2017).

MXene-дердің әлеуетін ашуда деламинация және құрылымдық инженерия саласында айтарлықтай ілгерілеу байқалды. Интеркаляцияға негізделген эксфолиация бірқабатты және азқабатты MXene наноқабаттарын жоғары беттік аудан мен қолжетімді белсенді орталықтарымен алуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, ақауларды инженериялау, гетероатомдармен легирлеу және металдар, оксидтер немесе көміртек материалдарымен гибридтеу электрондық қасиеттерді реттеу және функционалдық тиімділікті арттыруға бағытталған (Antony Jose et al., 2025; Liu et al., 2021; Younis et al., 2025). Осы жетістіктер MXene-дерді зертханалық қызығушылық нысанынан күрделі химиялық және электрохимиялық үдерістерді шешуге қабілетті инженерлік платформалар деңгейіне көтерді.

МХендердің қолдану аясының кеңеюі әсіресе катализ, энергетика және экологиялық технологияларда айқын көрінеді. Каталитикалық жүйелерде олар белсенді катализатор, тасымалдағыш және электрондық промотор ретінде сутек бөлінуі, оттек реакциялары, CO_2 түрленуі және көмірсутектер риформингінде жоғары тиімділік көрсетеді. Реттелетін беттік функциялары мен жоғары электрөткізгіштігі адсорбция энергиясы мен реакция жолдарын басқаруға мүмкіндік береді, ал металл–тасымалдағыш өзара әрекеттесуі дара атомдар мен ультрақысқа кластерлерді тұрақтандырады. Осыған байланысты МХендер гетерогенді катализде дәстүрлі тіректерге тиімді балама болып саналады (Mussa, Askaruly, Bexeitova, Azat, & Toshtay, 2025; Pandit et al., 2025; Sidorowicz et al., 2025).

Энергияны сақтау және түрлендіру саласында МХендер әртүрлі ионды аккумуляторларда, суперконденсаторлар мен гибридті құрылғыларда жоғары тиімділік көрсетуде. Қабатты құрылымы иондардың жылдам диффузиясын қамтамасыз етіп, жоғары электрөткізгіштік ішкі кедергіні төмендетеді. Сонымен қатар, беттік химия мен қабатаралық қашықтықты басқару сыйымдылықты, жылдамдықты және циклдік тұрақтылықты арттырады. Бұл МХендерді жоғары өнімді әрі сенімді жаңа буын энергетикалық материалдар қатарына қосады (Jussambayev et al., 2025; Mendhe et al., 2026; Mehrpooya, Eivari, Ganjali, & Lee, 2026).

МХендер экологиялық технологиялар саласында да, соның ішінде суды тазалау, ауыр металдарды адсорбциялау, газдарды бөлу және электромагниттік кедергілерден қорғау бағыттарында артып келе жатқан қызығушылыққа ие. МХен беттерінің металл иондары мен органикалық ластағыштарға жоғары бейімділігі, олардың құрылымдық реттелгіштігімен үйлескенде, тиімді әрі селективті тазалау үдерістерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олардың электрөткізгіштігі мен тотығу-тотықсыздану белсенділігі электрохимиялық су тазалау және ластағыштарды ыдырату үдерістерінде табысты пайдаланылып, МХендердің экологиялық қоршаған ортаны қалпына келтіруде, көпфункционалды табиғатын айқындайды (Dhas, Pansare, & Katariya, 2026; Ding et al., 2025).

Осы елеулі жетістіктерге қарамастан, МХендердің кең ауқымда қолданылуын шектейтін бірқатар мәселелер әлі де сақталуда. Негізгі мәселелердің бірі - олардың әсіресе атмосфералық немесе сулы орта жағдайларында тотығуға және құрылымдық деградацияға бейімділігі. Сонымен қатар, синтездің стандартталған протоколдарының болмауы және беттік функционалдық топтарының бірізді емес сипатталуы әртүрлі зерттеулер арасындағы нәтижелерді салыстыруды қиындатып, әмбебап «құрылым–қасиет» байланыстарын қалыптастыруға кедергі келтіреді. Бұған қоса, соңғы жұмыстардың көпшілігі жаңа синтез маршруттары мен қолданбаларға басымдық бергенімен, синтез химиясы мен функционалдық

тиімділік арасындағы байланыстарды түсіндіретін біртұтас механизмдік түсінік әлі де жеткілікті деңгейде дамымаған.

Осы саладағы зерттеулердің қарқынды дамуын ескере отырып, МХендерді синтездеу мен қолданудағы соңғы жетістіктерге жаңартылған әрі сыни тұрғыдан бағаланған шолу жасау аса өзекті болып табылады. Әсіресе сипаттамалық қорытындылармен шектелмей, синтез стратегиялары, беткі химия және каталитикалық, энергетикалық әрі экологиялық жүйелердегі тиімділік арасындағы өзара байланыстарды терең талдайтын шолуларға сұраныс артып келеді.

Осы шолуда біз МХендерді синтездеудегі соңғы жетістіктерді жан-жақты қарастырып, балама жою стратегияларына, фторсыз маршруттарға және құрылымдық инженерия тәсілдеріне ерекше назар аударылады. Сонымен қатар, бұл дамулардың беттік химияға, электрондық құрылымға және материал тұрақтылығына әсерін талданады. Бұдан бөлек, МХендердің катализ, энергияны сақтау және түрлендіру, сондай-ақ экологиялық технологиялар салаларындағы кеңейіп келе жатқан қолданбаларын негізгі тиімділік сипаттамалары мен шешілмеген мәселелерді атап көрсете отырып талқылаймыз. Синтез, құрылым және функционалдық қасиеттер арасындағы өзара тәуелділікті айқындау арқылы, бұл шолу МХендерді ұтымды жобалауға арналған біртұтас негіз қалыптастыруды және болашақ зерттеулерді ауқымды әрі орнықты МХенге негізделген технологиялар бағытына бағдарлауды мақсат етеді.

2. MAX фаза және MXeпдердің кристалдық құрылымы мен химиясы


MAX-фазалар класын сипаттайтын жалпылама құрылымдық формуланы $M_{n+1}AX_n$ ретінде тұжырымдады. Мұнда n мәні 1-ден 3-ке дейін өзгеріп, материалдың стехиометриялық және кристаллохимиялық ерекшеліктерін анықтайды. Аталған параметрге сәйкес MAX-фазалар 211 (n=1), 312 (n=2) және 413 (n=3) типті жүйелерге жіктеледі (Barsoum, 2000). Бұл жіктеу қабаттардың қайталану реттілігін көрсетіп қана қоймай, олардың құрылымдық анизотропиясы мен қасиеттерінің қалыптасуында шешуші рөл атқарады. MAX-фазалардың M компоненті периодтық жүйенің ауыспалы металдары қатарынан таңдалады және негізінен 3-топ (Sc), 4-топ (Ti, Zr, Hf), 5-топ (V, Nb, Ta) және 6-топ (Cr, Mo) элементтерін қамтиды. Бұл металдар MAX-фазаларға жоғары балқу температурасы, механикалық төзімділік және жақсы электрлік әрі жылулық өткізгіштік сияқты металдық қасиеттер береді. A элементі периодтық жүйенің 12-16 топтарына жататын p-блок элементтері ұсынылады (Al, Ga, In, Si, Ge, Sn, P, As, S және т.б.). Аталған атомдар құрылымда салыстырмалы түрде әлсіз байланысқан қабаттар түзеді, бұл MAX-фазалардың ерекше өңделгіштігін қамтамасыз етіп, селективті химиялық еріту арқылы екіөлшемді MXene материалдарын алудың теориялық және практикалық негізін қалайды. Ал X позициясын көміртек немесе азот атомдары иеленеді. Бұл элементтер M–X арасында берік ковалентті байланыстар түзіп, MAX-фазалардың химиялық және термиялық тұрақтылығын, сондай-ақ құрылымдық тұтастығын қамтамасыз етеді. Осы кристалдық құрылымның көрнекі бейнесі 1-суретте көрсетілген.

Ғылыми дереккөздерде 340-тан астам MAX-фаза сипатталған және бұл материалдар класының ауқымы үздіксіз кеңеюде. Қазіргі уақытта жүргізілген жүйелі эксперименттік зерттеулердің нәтижесінде $M_{n+1}AX_n$ типіне жататын 70-тен астам дербес MAX-фаза сенімді түрде синтезделіп, олардың кристалдық құрылымы мен негізгі қасиеттері жан-жақты сипатталған (Dahlqvist, Barsoum, & Rosen, 2024; Zeng et al., 2024). Бұл материалдар тобына құрылымдық және химиялық тұрғыдан әртүрлі қосылыстар кіреді, олардың ішінде ең көп зерттелгендері ретінде Ti_2AlC, Ti_2AlN, V_2AlC, Nb_2AlC, Ti_3AlC_2, Ti_3SiC_2, Zr_3AlC_2, Ti_4AlN_3, V_4AlC_3, Nb_4AlC_3 және Ta_4AlC_3 сияқты фазаларды атап өтуге болады. Аталған MAX-фазалар жоғары термиялық тұрақтылық, жақсы электр және жылуөткізгіштік, сондай-ақ механикалық беріктік сияқты қасиеттердің үйлесімімен сипатталады.

Бұл MAX-фазалардың маңызды артықшылықтарының бірі - олардың 2D MXene материалдарын алу үшін тиімді бастапқы прекурсорлар ретінде қолданылу мүмкіндігі. Соңғы жылдары жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, жоғарыда аталған бірқатар MAX-фазалар

селективті химиялық жою және кейінгі қабаттарды ажырату (exfoliation) үдерістері арқылы, сәтті түрде 2D құрылымдарға түрлендірілген. Нәтижесінде Ti_2AlC және Ti_2AlN фазаларынан тиісінше Ti_2C және Ti_2N, V_2AlC және Nb_2AlC қосылыстарынан V_2C және Nb_2C, ал Ti_3AlC_2 және Zr_3AlC_2 фазаларынан Ti_3C_2 және Zr_3C_2 MXene материалдары алынғаны көрсетілген (Pietzka & Schuster, 1994; Ding et al., 2023).

Сонымен қатар, *n* мәні жоғары MAX-фазалар да MXene синтезі тұрғысынан ерекше қызығушылық тудырады. Мысалы, Ti_4AlN_3, V_4AlC_3, Nb_4AlC_3 және Ta_4AlC_3 фазалары негізінде Ti_4C_3, V_4C_3, Nb_4C_3 және Ta_4C_3 типті көпқабатты MXene құрылымдары табысты түрде алынған (Jeitschko, Nowotny, & Benesovsky, 1964; Etzkorn, Ade, & Hillebrecht, 2007). Жалпы алғанда, эксперименттік түрде синтезделген MAX-фазалардың алуантүрлілігі мен олардың MXene материалдарына тиімді түрде түрлену мүмкіндігі, бұл материалдар класын қазіргі заманғы материалтанудың қарқынды дамып келе жатқан бағыттарының бірі ретінде айқындайды.




Сурет 1. Периодтық кесетеде MAX-фазалар құрамындағы элементтер: M элементтері – көк, A – қызғылт сары, X – сұр түспен белгіленген. үштік MAX-фазаларда кездесетін элементтер қою түспен, ал жолақты түстер үштік емес MAX-фазаларға тән элементтерді білдіреді. Күлгін шеңберлер қатты ерітінді түзетін элементтерді, ал қою көк үшбұрыштар M-, A- немесе X-орындарындағы химиялық реттелуді көрсетеді (Dahlqvist, Barsoum, & Rosen, 2024)

MAX-фаза - наноқабатты үшкомпонентті материалдар класына жататын, гексагональды кристалдық торға ие қосылыс болып табылады. Ол $P6_3/mmc$ кеңістік тобында кристалданады және құрылымында A-топ атомдарының октаэдрлік қабаттардың аралас немесе қабаттасып орналасуы типті құрылымға ие, [M–X] октаэдрлері арасында кезектесіп орналасады. Аталған кристалдық архитектураның көрнекі бейнесі 2-суретте берілді. 2a-суретте көрсетілгендей, MAX-фазалар белгілі бір стехиометриялық заңдылыққа сәйкес қалыптасатын материалдар тобы болып табылады. Мысалы, M_2AX (211) типті MAX-фаза құрылымында екі ауыспалы металл қабаты (M), бір A-топ элементінің қабаты (A) және бір көміртек немесе азот қабаты (X) кезектесіп орналасқан. Бұл қабатты құрылым материалдың анизотропты физика-химиялық қасиеттерінің қалыптасуына негіз болады. Ал M_4AX_3 (413) стехиометриясына ие MAX-фазалар төрт ауыспалы металл қабатын, бір A-топ элементінің қабатын және үш көміртек немесе азот қабатын қамтиды. Осыған ұқсас түрде, *n* мәні жоғарылаған сайын қабаттар саны да артады. Мысалы M_5AX_4 формуласына сәйкес MAX-фазалар бес ауыспалы металл қабатынан, бір A-топ элементінен және төрт көміртек немесе азот қабатынан тұрады.

Одан әрі, M_6AX_5 типті MAX-фазалар алты ауыспалы металл қабатын, бір A-топ элементінің қабатын және бес X-қабатын (C немесе N) қамтитын қайталанатын қабатты

құрылыммен сипатталады. Мұндай көпқабатты архитектурада ауыспалы металл қабаттары А-топ элементінің қабаттарымен және көміртек/азот қабаттарымен жүйелі түрде алмасып орналасады (Nick et al., 2021; Lin et al., 2006). Осылайша, MAX-фазалардың қабатты кристалдық құрылымы олардың бір мезгілде металдық (электр және жылуөткізгіштік, механикалық беріктік) және керамикалық (жоғары температураға, тотығуға және химиялық әсерлерге төзімділік) қасиеттерді көрсетуіне мүмкіндік береді. Бұл ерекшелік MAX-фазаларды заманауи материалтану, энергия сақтау және катализ салалары үшін аса перспективті функционалдық материалдар қатарына жатқызады.



Сурет 2. Әртүрлі MAX-фазалардың кристалдық құрылымдарыры: а – Дәстурлі MAX фазалары; ә – гибридті MAX фазалары; б – қосқабатты MAX фазалары (Magnuson & Mattesini, 2017; Ding et al., 2025)

Өзара біріккен MAX-фазалар – әртүрлі $M_{n+1}AX_n$ блоктарының қабаттасып өсуі нәтижесінде түзілетін күрделі кристалдық құрылымдарға ие. MAX-материалдар жүйесіндегі күрделенген кристаллохимиялық архитектурасымен ерекшеленетін дербес бағыт ретінде қарастырылады. Бұл материалдарда бірдей емес $M_{n+1}AXn$ құрылымдық блоктары (*n* мәндері әртүрлі) бір кристалдық тор ішінде ретті түрде алмасып қабаттасады, нәтижесінде қабаттардың қалыңдығы мен қайталану периодтары классикалық MAX-фазалардан түбегейлі өзгеше болады. Осындай көпдеңгейлі қабатты құрылым 2б-суретте бейнеленген. Зерттеулер гибридті MAX-фазалардың ең жиі кездесетін конфигурациялары 523 және 725 типтері екенін көрсетеді. 523 құрылымы 211 және 312 MAX-фазаларының бір кристалда өзара бірігуі нәтижесінде қалыптасса, 725 жүйесі 312 және 413 құрылымдық блоктарының кезектесуі арқылы түзіледі (Högberg et al., 2005).

Титан негізді жүйелер гибридті MAX-фазалардың қалыптасуын айқын мысалмен көрсетеді. Атап айтқанда, Ti_3SiC_2 фазасымен қатар $Ti_5Si_2C_3$ және $Ti_7Si_2C_5$ тәрізді күрделі қабатты фазалардың түзілуі байқалады, олар негізгі фазаның құрылымдық жалғасы ретінде қарастырылады (Palmquist et al., 2004). Сол сияқты, Ti_2AlC материалын термиялық өңдеу барысында $Ti_5Al_2C_3$ фазасының пайда болуы гибридті құрылымдардың жоғары температурада термодинамикалық тұрғыдан тұрақты бола алатынын дәлелдейді (Lane et al., 2012).


Германийлі жүйелерде де осындай құбылыстар анықталған: $Ti_{n+1}GeC_n$ жұқа қабықшаларында $Ti_5Ge_2C_3$ және $Ti_7Ge_2C_5$ фазалары түзіліп, олардың қабаттары әртүрлі қалыңдықтағы MAX-блоктардың жүйелі түрде қабаттасуынан құралғаны көрсетілген (Högberg et al., 2005). Бұл нәтижелер гибридті MAX-фазалардың тек көлемдік материалдарда ғана емес, сонымен қатар жұқа қабықшаларда да түзіле алатынын айқындайды.

Маңыздысы, мұндай гибридті MAX-фазалар классикалық $M_{n+1}AX_n$ жүйелерінен симметриясының төмендеуімен ерекшеленеді. Қабаттардың әркелкі қалыңдығы мен күрделі

қабаттасу реттілігі, олардың $R\bar{3}m$ кеңістік тобында кристалдануына алып келеді, бұл олардың физикалық және электрондық қасиеттеріне тікелей әсер етеді. Сонымен қатар, құрылымдық әртүрліліктің тағы бір мысалы ретінде қос А-қабатты МАХ-фазаларды атауға болады. Қазіргі таңда белгілі мұндай фазалардың ішінде Mo_2Ga_2C ғана $P6_3$ /mmc симметриясын сақтай отырып, төменнен-жоғары (bottom-up) синтез әдісімен алынған бірегей материал ретінде ерекшеленеді (2б-сурет) (Hu et al., 2015; Lai et al., 2015). Жалпы алғанда, гибридті МАХ-фазалардың дамуы МАХ-материалдар тұжырымдамасын жаңа деңгейге көтеріп, қабатты құрылымды мақсатты басқару арқылы реттелген қасиеттерге ие жаңа функционалдық материалдарды жобалауға кең мүмкіндіктер ашады.

MXene материалдары ауыспалы металдардың карбидтері, нитридтері және карбонитридтері қатарына жататын екіөлшемді материалдардың жаңа буынын құрайды. Бұл материалдардың бастапқы прекурсорлары МАХ-фазалар болып табылады және олар $M_{n+1}AX_n$ жалпы формуласымен сипатталады, мұнда n мәні 1, 2 немесе 3 болуы мүмкін. Аталған құрылымда А элементі периодтық жүйенің 13 немесе 14 топтарына жататын элементтермен (Al, Ga, In, Si, Ge, As, Sn, Pb және т.б.) ұсынылады, М ретінде ерте ауыспалы металдар (Ti, V, Cr, Mn, Zr, Nb, Mo, Ta және басқалары) қолданылады, ал X позициясын көміртек немесе азот атомдары иеленеді.

MXene материалдарының кристалдық құрылымы көп жағдайда өздерінің бастапқы прекурсоры болып табылатын МАХ-фазалардың симметриясын сақтайды және $P6_3/mmc$ кеңістік тобына жатады. Бұл симметрия гексагональды кристалдық торға тән және MXene-дердің негізгі құрылымдық қаңқасын анықтайды. MXene материалдарын алу МАХ-фазалардың А-қабаттарын селективті химиялық жою негізінде жүзеге асырылады (Bibi et al., 2024). Бұл үдеріс нәтижесінде қабатты құрылым сақталып, 2D M–X қабаттары бөлініп шығады. MXene құрылымында M–X байланысы айқын коваленттік, металдық және иондық сипаттардың үйлесімімен ерекшеленеді, ал M–A байланысына тән металдық сипат жойылады (Chhowalla et al., 2013). Осы 2D материалдардың құрылымдық ұқсастығын ескере отырып, олар графенге ұқсас жаңа материалдар тобы ретінде «MXene» атауын иеленді. MXene материалдарының ($M_{n+1}X_nT_x$) құрылымдық әртүрлілігі мен атомдық реттелуінің сызбанұсқалық көрінісі 3-суретте көрсетілді. Мұнда M – ауыспалы металл, X – көміртек немесе азот, ал T_x – беттік функционалдық топтар (–O, –OH, –F). Суретте бірметалды MXene, қатты ерітінді түріндегі және реттелген көпметалды MXene құрылымдары көрсетілген. Сонымен қатар, металл атомдарының жазықтық ішіндегі (i-MXene) және жазықтықтан тыс (o-MXene) реттелуі, реттелген вакансиялардың түзілуі, жоғары ретті және жоғары энтропиялы көпэлементті MXene жүйелері бейнеленген. Бұл құрылымдық әртүрлілік MXene материалдарының физика-химиялық қасиеттерін мақсатты түрде реттеуге мүмкіндік береді.



Сурет 3. MXene-нің кристалдық құрылымы (Gogotsi & Anasori, 2019)

Алынған MXene материалдарының жалпы формуласы $M_{n+1}X_nT_x$ түрінде жазылады, мұндағы T_x – химиялық жою кезінде М атомдарының бетіне енетін функционалдық топтарды (–O, –OH, –F) білдіреді. Сулы ортада жүргізілетін жою үдерісінің нәтижесінде MXene беті әрдайым гидрофильді функционалдық топтармен қапталады. Бұл ерекшелік MXene материалдарына жоғары гидрофильділік, ионалмасу қабілеті және беткі химиялық тұрақтылық береді. Беттік функционалдық топтардың болуы MXene-дердің полимерлік матрицаларда толтырғыш ретінде қолданылуына және гидроксилдік желілердің түзілуіне мүмкіндік береді, бұл иондардың тиімді тасымалдануына жағдай жасайды. Сонымен қатар, функционалдық топтар MXene-дердің басқа материалдармен химиялық және физикалық өзара әрекеттесуін жеңілдетіп, MXene-негізіндегі композиттік материалдардың кең спектрін қалыптастыруға жол ашады. Гидрофильді бет MXene ұнтақтары мен жұқа қабықшаларының тұрақтылығын және біркелкі дисперсиялануын арттырады (Anasori, Lukatskaya, & Gogotsi, 2023).

MXene бетінің функционалдық топтарға бай болуы сулы ерітінділерде сыртқы иондармен тиімді интерфейстік байланыстардың түзілуін қамтамасыз етіп, күрделі иерархиялық құрылымдарды оңай құрастыруға мүмкіндік береді. Қабатты морфология MXene материалдарын ион ион алмасу үдерістері үшін аса қолайлы етеді. Беткі топтар материалдың иондарды адсорбциялау және алмастыру қабілетін күшейтіп, оның жоғары беттік әрекеттесуі мен гидрофильділігін қамтамасыз етеді. MXene материалдарының Li^+, Na^+, K^+ және Mg^{2+} сияқты әртүрлі иондарды енгізу қабілеті, олардың электрохимиялық қасиеттерін айтарлықтай жақсартып, жоғары энергия тығыздығын және ұзақ циклдік тұрақтылықты қамтамасыз етеді. MAX-фазаларды селективті жоюға негізделген бұл әдістер әртүрлі морфологияға және реттелген құрылымдық ерекшеліктерге ие MXene материалдарын алуға мүмкіндік береді (Luo et al., 2024; Pan, 2024).


3. MXene синтездеу стратегиялары

MXene материалдарын төменнен жоғары немесе жоғарыдан төмен әдістері арқылы синтездеуге болады. Сәйкес синтездеу әдісін таңдау материалдың өлшемдерін,

морфологиясын және функционалдық қасиеттерін қоса алғанда, оның химиялық және физикалық сипаттамаларын жан-жақты анықтау үшін маңызды болып табылады (Shao et al., 2020).

3.1. MXene синтездеудің класикалық әдісі

MXene қабаттарын алуда ең кеңінен қолданылатын әдіс - top-down (жоғарыдан төмен) стратегиясы болып табылады. Бұл тәсіл бастапқы MAX фазасынан басталып, қабатты A элементін қышқылдар арқылы селективті түрде жою (etching) үдерісіне негізделеді (4-сурет). MXene құрылымының өзінің үшөлшемді (3D) MAX-фазалық аналогымен ұқсастығына байланысты, бұл әдіс дәстүрлі немесе классикалық тәсіл ретінде қарастырылады (Lim et al., 2022).




Сурет 4. MXene синтезі үшін жоғарыдан төмен қарай әдісінің сызбалық көрнісі

Үдеріс әдетте екі кезеңнен тұрады: MAX фазасының құрылымын бұзу немесе ойып бөлу, содан кейін алынған MXene қабаттарын деламинациялау. MAX фазасы M, A және X элементтерінің таза ұнтақтарын стехиометриялық араласумен 1200–1600 °C-та өңдеу арқылы алынады (Hugosson et al., 1999). Материалдың тығыздығын арттыру үшін суық немесе ыстық нығыздау қолданылады; қысым деңгейі (25–45 МПа) түйіршіктердің өсу бағытына әсер етеді. Алайда жоғары температурада A элементі (мысалы, Al немесе Si) буланып кетуі мүмкін, сондықтан оның артық мөлшері қажет болады (Buhari et al., 2025; Salim et al., 2019). MAX фазасын алу аяқталғаннан кейін MXene синтезінің негізгі және шешуші кезеңі ретінде 3D MAX құрылымын қышқылдық ортада жою жүргізіледі. Бұл кезеңде көбінесе Ti_3AlC_2 сияқты алюминийқұрамды MAX фазалары күшті химиялық реагент, фторсутек қышқылы (HF) арқылы өңделеді. MAX фазаларының кристалдық құрылымында металл–A (M-A) байланыстарының беріктігі металл–бейметалл (M-X) байланыстарына қарағанда төмен болғандықтан, A элементін селективті түрде жоюға қолайлы жағдай қалыптасады.

Алюминийді MAX фазасының қабатаралық құрылымынан тиімді әрі толық алып тастау үшін ерітіндіде фторид иондарының айтарлықтай жоғары концентрациясы талап етіледі. Бұл құбылыс фторид иондарының алюминий атомдарына деген жоғары химиялық бейімділігімен және тұрақты кешендер түзу қабілетімен байланысты. Осылайша, HF-пен өңдеу нәтижесінде үшөлшемді MAX фазасы біртіндеп қабатты MXene құрылымына айналады (Heidarpour, Faraji, & Haghighi, 2022; Zhou, 2012).

Сонымен қатар, қышқылмен өңдеу үдерісі тек A элементін жоюмен шектелмей, алынған MXene материалдарының беткі химиясын да айтарлықтай өзгертеді. Атап айтқанда, MXene қабаттарының бетінде оттек пен фтор құрамды функционалдық топтар, яғни –O, –OH және –F топтары қалыптасады. Бұл беткі аяқталулар MXene-нің гидрофильділігін арттырып, оның кейінгі интеркаляция, деламинация және әртүрлі қолданбалардағы (энергия сақтау, катализ, сенсорлар) функционалдық қасиеттеріне тікелей әсер етеді (4-сурет).




Сурет 5. Ti_3AlC_2 MAX фазасын Ti_3C_2 MXene алу мақсатында жою және интеркалация үдерістерін сызбанұсқа сипаттамасы

Төменнен жоғары (Bottom-up) синтез әдісі атомдық деңгейде дәл басқаруға мүмкіндік беретін MXene алудың баламалы стратегиясы болып табылады және бұл бағыт жоғарыдан төмен (top-down) әдісмен салыстырғанда әлі де шектеулі деңгейде зерттелген (Salim et al., 2019). Бұл тәсілде синтез жекелеген атомдардан немесе шағын бейорганикалық және органикалық молекулалардан басталып, кейіннен реттелген кристалдану арқылы екіөлшемді (2D) қабатты құрылымдардың түзілуіне алып келеді.

Төменнен жоғары Bottom-up стратегиясында ең кең таралған әдіс-химиялық бу фазасында тұндыру болып табылады. 6а-суретте көрсетілгендей, осы әдісте әртүрлі субстраттар бетінде жоғары сапалы және біркелкі жұқа қабыршақтарды өсіруге мүмкіндік береді. Алайда бұл әдіспен алынған MXene материалдары көбінесе көпқабатты сипатта болады, әдетте алты қабаттан кем болмайды.

MXene-нің бұл әдіс арқылы алғашқы синтезі барысында жоғары кристал түріне ие ультражұқа молибден карбиді (Mo_2C) алынады. Бұл үдерісте көміртек көзі ретінде метан газы (CH_4), ал субстрат ретінде мыс/молибден фольгасы қолданылып, синтез 1085 °C-тан жоғары температурада жүргізіледі. Өсу параметрлерін оңтайландыру арқылы, өлшемдері 10–100 мкм аралығындағы қабыршақтар алынып, олардың құрылымдық ақауларының аз және беттік функционалдық топтарының жоқ екені анықталған (Xu et al., 2015).



Сурет 6. а) Химиялық бу тәрізді отырғызу әдісін қолдану арқылы C және Mo газ камерасына енгізіліп, Mo_2C жұқа қабаты алу сызбанұсқасы. ә) Тұздар негізіндегі MoN наноқабатшалары синтездеу сызбанұсқасы

Химиялық бу фазасында тұндыру әдісінен бөлек, MXene алу үшін плазмамен күшейтілген импульстік лазерлік тұндыру және тұзды-шаблон (salt-templating) әдістері де зерттелуде (Zhang et al., 2017). Бұл әдістер арқылы 700 °C температурада ультражұқа Mo_2C қабыршақтарының қалыңдығы лазер импульстарының жиілігімен дәл реттеледі.

Соңғы зерттеулерде тұзды-шаблон әдісі арқылы гидрофильді қасиетке ие, қалыңдығы 1 нм-ден төмен 2D нитридтер (V_2N, W_2N, MoN) алынғаны көрсетілген (Buhari et al., 2025). Сонымен қатар, 6б суретте берілгендей, KCl мен Mn_3N_2 торларының сәйкестігіне негізделген әдіс арқылы бөлме температурасында магниттік қасиет көрсететін ультражұқа 2D Mn_3N_2 қабыршақтары синтезделген (Xiao et al., 2019).

3.2. Электрохимиялық өңдеу әдісі


Электрохимиялық өңдеу MXene синтездеудің дәстүрлі HF-негізді әдістеріне экологиялық тұрғыдан қауіпсіз балама ретінде кеңінен танылуда. Фторидке негізделген коррозиялық реагенттермен салыстырғанда, бұл тәсіл жоғары қауіпсіздігімен, реакция кинетикасын дәл басқару мүмкіндігімен және беттік функционалдық топтарды реттеуге икемділігімен ерекшеленеді. Осы қасиеттеріне байланысты электрохимиялық өңдеу энергетикалық қолданбалар үшін аса қолайлы болып табылады (Nouseen & Pumera, 2025).

Сыртқы электр кернеуін LiOH, NH_4Cl, иондық сұйықтықтар немесе балқытылған тұздар сияқты арнайы таңдалған электролиттерде қолдану арқылы MAX фазаларындағы A-қабатты жұмсақ немесе қалыпты температура жағдайында селективті түрде жоюға болады. Бұл MXene морфологиясы мен беткі химиясын дәл баптауға мүмкіндік беріп, үлкен өлшемді, жақсы дисперсияланатын және әртүрлі топтары (–OH, –O, –Cl, –S) бар қабыршақтардың түзілуіне жағдай жасайды. Сонымен қатар, электролит құрамы беткі топтардың табиғатын анықтайтындықтан, каталитикалық белсенділікке және ион тасымалына тікелей әсер етеді (Ostermann et al., 2025).

Электрохимиялық әдістің тағы бір артықшылығы –Ti-негізді MAX фазаларымен шектелмей, V_2C, Nb_2C және Cr_2C сияқты жүйелерге де сәтті қолданылып, MXene материалдарының аясын кеңейтті (Wei et al., 2021). Фторидті реагенттердің коррозиялық HF

түзілуі және тұрақсыз –F мәселелерін болдырмау үшін фторсыз электрохимиялық әдістерге қызығушылық артты. MXene алғаш рет фторсыз сулы синтез арқылы алынып, кейін литий-ионды аккумулятор электролитін қолдану арқылы шамамен 3 нм қалыңдықтағы $Ti_3C_2T_x$ қабыршақтары алынып, сутек газының бөлінуі байқалды (Sun et al., 2019).

MAX фазасының анодтық жағындағы Al атомдары NH_4Cl және тетраметиламмоний гидроксиді электролиттерінде электрохимиялық жолмен экстракцияланып, гидроксид функционалдық топтарымен алмастырылды. Электрохимиялық тазалау екі электродты жүйеде жүзеге асады, катодта реакциялар байқалмайды. Сілтілік тазалау MXene синтезінің тиімді баламасы болып табылады: Ti_3AlC_2 фазасын 27,5 M NaOH ерітіндісінде 270 °C-та өңдеу арқылы $Ti_3C_2T_x$ MXene алынатыны және тазалығы 92 %-ға жететіні хабарланған (Li et al., 2018; 7a-сурет). Сусыз ортада галогендерді пайдалану MAX фазасынан MXene материалдарын бөлме температурасында тиімді синтездеуге мүмкіндік беретіні көрсетілген (7b-сурет) (Jawaid et al., 2021). Br_2, I_2, ICl және IBr галогендері Ti_3AlC_2 фазасын радикалдық механизм арқылы селективті түрде жойып тазалайды, ал үдерістің жүруі галоген мен еріткіштің концентрациясына, олардың молярлық арақатынасына және температураға тәуелді. Аталған әдіс құрамында HF бар орталармен салыстырғанда экологиялық қауіпі төмен MXene материалдарын алуға перспективалы мүмкіндік ұсынады.



Сурет 7. MXene синтезі үшін электрохимиялық әдістер сызбанұсқасы (Li et al., 2018; Jawaid et al., 2021)

3. Бифторид тұздарымен өңдеу әдісі

Бұл үдеріс кезінде бифторид тұздарынан бөлінетін гидратталған катиондар теріс зарядталған MXene бетіне адсорбцияланып, қабатаралық арақашықтықтың ұлғаюына ықпал етеді (Halim et al., 2014). Бұл әдіс ұшқыш әрі аса қауіпті HF-ке балама ретінде жұмсақ әрі қауіпсіз болып саналады. NH_4HF_2 арқылы өңделген Ti_3C_2 MXene кеңейтілген қабатаралық құрылымымен және жоғары электрохимиялық қасиеттерімен ерекшеленеді, бұл иондарды сақтау қабілетін айтарлықтай арттырады (Feng et al., 2019). Сонымен қатар, NH_4HF_2 қолдану арқылы K-MXene синтезделіп, pH реттеу үшін OH^- және NH_4^+ иондарының қатысуы жуудың санын азайтады (Feng et al., 2017). Karlsson және әріптестері Ti_3AlC_2-ні бөлме температурасында NH_4HF_2 ерітіндісінде өңдеу арқылы $Ti_3C_2T_x$ MXene алған (Karlsson et al., 2015). NH_4HF_2-ден басқа $NaHF_2$ және KHF_2 сияқты бифторид тұздары да Ti_3AlC_2 -ден $Ti_3C_2T_x$ алу үшін табысты қолданылған. Соңғы зерттеулерде NH_4HF_2-нің органикалық пропиленкарбонатпен біріктірілуі тұрақты MXene дисперсиясын алуға мүмкіндік беретіні көрсетілген (Natu et al., 2020).


Бұл әдістің механизміне келетін болсақ, NH_4HF_2, $NaHF_2$ немесе KHF_2 сияқты бифторид тұздары қабатталған MAX прекурсорларынан (мысалы, Ti_3AlC_2) A-қабатын (әдетте Al) селективті түрде жою үшін қолданылады, нәтижесінде беттік функционалдық топтары бар (T_x = –F, –O, –OH) көпқабатты MXene құрылымдары түзіледі. 8а-суретте көрсетілгендей, MAX фазасы M–X қабаттары мен A атомдық қабаттарының кезектесуінен тұрады, мұнда бифторид иондары қабатаралық кеңістікке еніп, A-элементпен басым түрде әрекеттесіп, ерігіш алюминий фторид кешендерін түзеді. Селективті жою үдерісі барысында 8ә-суретте бейнеленгендей, $M_{n+1}X_n$ қабаттары біртіндеп босап, «аккордеон» тәрізді көпқабатты MXene бөлшектері қалыптасады. Кейінгі жуу және интеркаляция сатылары қабатаралық арақашықтықты одан әрі ұлғайтып, 8б-суретте көрсетілгендей, бірнеше қабатты немесе бір қабатты MXene наножапырақтарының түзілуіне мүмкіндік береді. Дәстүрлі HF-пен жою әдісімен салыстырғанда, бифторид тұздарымен жою қауіпсіздігі жоғары, реакция кинетикасын бақылауға қолайлы және MXene торының құрылымдық бұзылуын азайтады, бұл әдісті ауқымды әрі экологиялық тұрғыдан тиімді MXene синтезі үшін болашағы зор әдіс.



Сурет 8. Бифторид тұздарымен өңдеу әдісіні арқылы MXene алу сызбанұсқасы

3.4. Еріген тұздар арқылы өңдеу әдісі

Еріген тұздармен жою әдісі MXene синтезіне арналған фторсыз, редокс-бақыланатын стратегия ретінде дамыды, ол қатты күйдегі шарттарда A-қабатты дәл жоюға мүмкіндік береді және Льюис қышқылды галогенидтер ($ZnCl_2$, $CuCl_2$) қолдану арқылы MAX фазаларындағы Al, Si, Zn немесе Ga атомдарын селективті тотығуына мүмкіндік береді. Бұл әдіс инертті атмосферада және жоғары температурада жүргізіліп, –Cl, –O немесе –S терминалдары бар құрылымдық тұрақты MXene береді және синтез кезінде беттік функционалдылықты басқаруға мүмкіндік береді (Wang et al., 2025).



Сурет 9. Еріген тұздармен өңдеу кезінде MXene/$Ti_3C_2T_x$ синтезінің үдерісі (а), Льюис қышқылды еріген тұз әдісі арқылы MXene синтезі (ә) және наноламинатталған MAX фазаларынан MXene өндірісінде еріген тұздар қолданылуы (б)

Қатты орта сұйық қалдықтарды азайтып, тұздарды қайта пайдалануға жол береді, сондай-ақ дәстүрлі MAX фазалары мен нитрид прекурсорларын өңдеуге мүмкіндік береді (Pang et al., 2025). Li және оның әріптестері $ZnCl_2$ немесе $CuCl_2$ еріген тұздарын қолдана отырып, Ti_3ZnC_2, V_2ZnC, Ti_2ZnN, Ti_3SiC_2 сияқты MAX фазаларын өңдеп, фторсыз MXene синтезін көрсетті (Li et al., 2020). Сонымен қатар, LiF/NaF/KF еріген тұздарын қолдану Ti_4AlN_3 -ті өңдеп, сирек $Ti_4N_3T_x$ нитрид MXene алуға мүмкіндік берді, ал Nb_2CT_x MXene үшін еріген тұздар аз оттекті беткі топтарды беріп, биоқауіпсіздікті арттырды (Arole et al., 2022). Редокс-бақыланатын үдерістер термодинамикалық тұрғыда, MAX фазалары негіз мен Льюис қышқылды тұздардың өзара әрекетін болжауға көмектеседі. Осылайша, еріген тұздармен жою фторсыз MXene синтезін жаңа деңгейге көтеріп, беттік функционалдықты дәл басқару, прекурсорларды әртараптандыру және қалдықсыз өңдеуді біріктіретін кең масштабты платформаға айналдырады (Siddique et al., 2023).

MXene алу үшін ең көп қолданылатын прекурсор – Al-MAX фазасы (Ti_3AlC_2), ол үштік MAX фазаларының тек 20 %-ын құрайды. Қалған MAX фазаларын MXene-ге айналдыру үшін жаңа әдістер қажет. Льюис қышқылдары негізіндегі балқыған тұздарды пайдалану MXene материалдарын синтездеудің жаңа мүмкіндіктерін ашып, оларды алу әдістерінің аясын кеңейтті. Мысалы, $Ti_4N_3T_x$ MXene дәстүрлі HF әдісінен өзгеше, 550 °C-де Ar атмосферасында еріген тұздармен синтезделді. Na-ион батареялары үшін $Ti_3C_2T_x$ MXene аноды, Hu және әріптестері фторсыз, еріген тұзымен жасады. MAX фазасы NaCl/KCl тұзымен араласып, 700°C-де қыздырылды, содан кейін судан және $(NH_4)_2S_2O_8$ ерітіндісінен тазаланды (Hu et al., 2023). (сурет 9(а)). Zhang және әріптестері (Zhang et al., 2024) хлор-тұйықталған MXene синтезін көрсетті: Zn^{2+} балқыған Zn-ге айналып, Al атомы $AlCl_3$-ке айналды, MXene-де біркелкі –Cl терминалды бет пайда болды және вакуумде кептірілді (сурет 9(ә)). Еріген тұзда синтездеу әдісі реакцияның жоғары жылдамдығы мен технологиялық қарапайымдылығының арқасында кеңінен танымал. MAX фазалары $ZnCl_2$/NaCl/KCl тұздарында өңделіп, Zn-MAX

фазасы арқылы MXene алынды (сурет 9(ә)). Luo және әріптестері Co-пен модификацияланған, толық Cl-тұйықталған MXene-ді бірқадамдық еріген тұзымен синтездеді (Luo et al., 2021).


3.5. Химиялық бу фазасында тұндыру әдісі

Химиялық бу фазасында тұндыру әдісі MXene материалдарын экологиялық тұрғыдан таза синтездеу тәсілі ретінде қалыптасып келеді. Бұл әдіс газ тәрізді прекурсорларды қатаң бақыланатын жағдайларда пайдалана отырып, екіөлшемді кристалдарды тікелей қалыптастыруға мүмкіндік береді. Дәстүрлі тәсілдерден айырмашылығы, яғни MAX фазаларын қышқылдармен селективті жоюға негізделген әдістерден өзгеше, бұл технология қауіпті химиялық реагенттерді толықтай айналып өтіп, жоғары тазалықтағы MXene қабаттарын қоршаған ортаға әсері төмен әрі құрылымдық тұтастығы жоғары күйде алуға жол ашады (Rouhi et al., 2025).

Бұл әдістің негізгі принципі ұшпа прекурсорлардың жоғары температура жағдайында басқарылатын түрде ыдырауы немесе өзара әрекеттесуі арқылы MXene кристалдарының қолайлы субстрат бетінде тікелей нуклеацияланып өсуіне негізделген. Прекурсор құрамы, тасымалдаушы газдың ағын жылдамдығы, субстраттың түрі және реакция температурасы сияқты параметрлер алынатын MXene материалдарының морфологиясына, қабат қалыңдығына және бүйірлік өлшемдеріне айтарлықтай әсер етеді. Осындай дәл басқару мүмкіндігі үлкен меншікті беткі ауданы бар, ақау тығыздығы төмен және архитектурасы реттелетін ультражұқа қабаттарды алуға мүмкіндік береді. Маңыздысы, осы әдіс арқылы алынған MXene материалдары көбіне беттік функционалдық топтары жоқ немесе өте аз мөлшерде терминалданған күйде түзіледі, бұл олардың құрылымын терең зерттеуге және синтезден кейінгі функционалдандыру жұмыстарын жүргізуге кең мүмкіндіктер ашады (Madni et al., 2025). Тұрақты даму тұрғысынан алғанда, бұл синтез әдісі коррозиялық реагенттерді және сұйық қалдық ағындарын қолдануды қажет етпейтіндіктен, оны экологиялық тұрғыдан қауіпсіз балама технология ретінде қарастыруға болады.

Бұл әдісте Cu және Mo фольгалары субстрат ретінде қолданылып, кварц түтікке орналастырылды (10-сурет). Cu/Mo қосқабатты құрылым сутек атмосферасында 1085 °C-тан жоғары температурада қыздырылып, көміртек көзі ретінде CH_4 енгізу арқылы екіөлшемді Mo_2C кристалдарының өсуі іске асырылды. Осы температурада Cu балқып, Mo-Cu қорытпасының түзілуі Mo атомдарының диффузиясын жеңілдетіп, беттік қабатта ультражұқа Mo_2C қабаттарының түзілуіне жағдай жасалады. Алынған кристалдар 100 мкм-ден асатын бүйірлік өлшемдерге ие болып, құрылымдық жағынан MXene-тәрізді сипат көрсетеді (Papadopoulou et al., 2020).

Өсу уақыты мен температура Mo_2C кристалдарының қалыңдығын, нуклеация тығыздығын және бүйірлік өлшемдерін айқындайтын негізгі факторлар ретінде анықталды (Borah, Natu, Biswas, & Srivastava, 2025). Сонымен қатар, CH_4 концентрациясын реттеу арқылы кристалл морфологиясын дәл басқаруға болады: төмен мөлшерде әр деңгейде пішіні ұқсас тармақталған құрылымдар түзілсе, көміртектің аса қанығуы алтыбұрышты, бесбұрышты және тікбұрышты кристалдардың қалыптасуына әкелді. Алтыбұрышты Mo_2C фазасы орторомбалық құрылымнан айқын ерекшеленді.



Сурет 10. Химиялық бу фазасында тұндыру әдісінің сызбанұсқасы

Мыс фольгасының қалыңдығын өзгерту арқылы Mo_2C қабаттарының қалыңдығын дәл реттеу мүмкіндігі көрсетілді, бұл MXene-тәрізді материалдардың құрылымын оңтайландыруда маңызды артықшылығы болады (Geng et al., 2016). Осыған ұқсас тәсіл арқылы Wang және әріптестері Cu балқу температурасынан төмен жағдайда Ti/Cu фольгасын субстрат ретінде және NH_3 газын азот көзі ретінде пайдаланып TaN жұқа қабаттарын синтездеді, ал NH_3 орнына бор ұнтағын қолдану арқылы ауыспалы метал боридтерінің түзілуін көрсетті (Wang et al., 2017). Сонымен қатар, химиялық бу фазасында тұндыру әдісі моноатомдық ReC кристалдарын синтездеуге және Cu/Mo субстратында өсірілген графеннің термиялық қайта құрылуы арқылы екіөлшемді α-Mo_2C қабаттарын алуға мүмкіндік берді (Deng et al., 2017). Төменде 1-кестеде MXene синтезінің негізгі әдістерінің артықшылықтары мен кемшіліктері салыстырмалы түрде берілді.

Кесте 1. MXene синтезінің негізгі әдістерінің артықшылықтары мен кемшіліктері

№	Әдіс атауы	Артықшылықтары	Кемшіліктері
1	Химиялық бу фазасында тұндыру	Жоғары кристалл сапасы, қабат қалыңдығын дәл бақылау мүмкіндігі, қоспасыз, таза материал алу, үлкен ауданға біркелкі жабын алу	Жоғары температура талап етеді, қымбат жабдық қажет, үдеріс күрделі- өндірістік масштабтау қиын
2	Еріген тұздар арқылы өңдеу	HF қолданбайды, экологиялық тұрғыдан тиімдірек, MAX фазаны тиімді өңдеу мүмкіндігі	Жоғары температура қажет, тұз қалдықтарын жою қиын, Құрылымды бақылау шектеулі
3	Бифторид тұздарымен өңдеу (LiF + HCl)	HF-ке қарағанда қауіпсіздеу, жұмсақ өңдеу жағдайлары, жақсы деламинация	Уақыт ұзақ, қалдық иондар (Li^+, F^-) қалуы мүмкін, Қабаттардың толық бөлінбеуі мүмкін
4	Электрохимиялық өңдеу	HF қолданбайды, үдерісті дәл басқару мүмкіндігі, экологиялық таза, жұмсақ жағдайларда жүргізіледі	Арнайы жабдық қажет, өнім шығымы кейде төмен, үдеріс баяу болуы мүмкін

4. MXene материалдарының қолданылуы

4.1. Катализ саласында қолданысы


MXene-тәрізді екіөлшемді материалдар олардың жоғары беттік ауданы, металл элементтердің белсенділігі және функционалдық топтарының икемділігі арқасында катализде ерекше тиімді болып табылады. MXene құрылымындағы –OH, –O, –F сияқты терминалды топтар және субстраттағы ауыспалы металдар белсенді орталықтар ретінде әрекет ете отырып, реакция кинетикасын жақсартады.

4.1.1. Көмірқышқыл газын (CO_2) тотықсыздандыру реакциясы

Көмірқышқыл газын тотықсыздандыру реакциясы (CO_2 тотықсыздандыру) - бұл CO_2 молекуласын химиялық түрде азотсыз көміртек қосылыстарына немесе отынға түрлендіру үдерісі. Бұл үдеріс қазіргі кезде климаттық өзгерістермен күрес және жасыл энергия көздерін дамыту тұрғысынан өте маңызды. CO_2 тотықсыздандыру көмірқышқыл газын CO, метанол, этанол, метан, этилен, және басқа да пайдалы химиялық қосылыстарға айналдыруға мүмкіндік береді (Aggarwal et al., 2021).

Фотокаталитикалық әдістер табиғи фотосинтез механизмін модельдей отырып, күн сәулесінің энергиясын CO_2 молекулаларын тиімді түрлендіруге қолданады (Wang et al., 2019). Металл оксидтері, нитридтер және сульфидтер CO_2 тотықсыздандыру үдерісінде белсенділік көрсеткенімен, электрон (e^-–h^+) жұптарының жылдам рекомбинациясы олардың практикалық тиімділігін шектейді (Rao et al., 2021). Бұл мәселені еңсеру үшін дәстүрлі катализаторларға асыл металдар отырғызылып, өнімділікті арттырды. Күн сәулесімен белсендірілетін MXene материалдары заряд тасымалдаушылардың тиімді бөлінуі мен бағытталған тасымалы арқасында CO_2 тотықсыздандыру фотокатализаторлары ретінде ерекше қызығушылық тудырады (Otgonbayar & Oh, 2023; Murali et al., 2022).

Фотокатализдік CO_2 тотықсыздандыру реакциясы көміртек нитриді катализаторының бетінде жүреді. Осы фотокатализдік үдеріс 11-суретте көрсетілгендей бес негізгі қадамға бөлінеді, атап айтқанда: (1) жарықты сіңіру, (2) заряд тасушыларын бөлу, (3) CO_2 адсорбциясы, (4) беттік редокс реакциясы және (5) өнімнің десорбциясы (Ng, Foo, & Ong, 2022).




Сурет 11. Фотокатализдік CO_2 тотықсыздандыру реакция механизм сызбанұсқасы (Ng, Foo, & Ong, 2022)

4.1.2. Электрохимиялық жолмен суды айыру арқылы сутек газын өндіру

Бұл әдіс су молекулаларын (H_2O) электр тогының әсерімен сутек (H_2) және оттек (O_2) газдарына түрлендіру үдерісі. Ол жасыл энергия көзін алудың тиімді және экологиялық таза әдісі болып табылады, себебі реакция тек су мен электр энергиясын қажет етеді және зиянды қалдық түзбейді (Pugazhendhi, Kamarudin, & Brindhadevi, 2026). Бұл үдеріс екі негізгі жартылай реакциядан тұрады: анодта оттек эволюция реакциясы және катодта сутек эволюция

реакциясы. Анодта судан оттек бөлініп, протондар мен электрондар түзіледі, ал катодта протондар электрондарды қабылдап, молекулалық сутек түзіледі (Raj et al., 2025). Реакцияның тиімділігі көбінесе катализатордың түріне, электрод материалдарына, электролит құрамына және қолданылатын кернеуге байланысты болады. Металл катализаторлар, мысалы платина немесе иридий негізіндегі катализаторлар, сутек эволюция реакциясы және оттек эволюция реакциясы үшін жоғары белсенділік көрсетсе, сонымен қатар графен, метал оксидтері және наноқұрылымды катализаторлар да перспективті болып табылады (Li et al., 2025). Электрохимиялық суды айыру сутек өндірісінде қолданылатын энергияны жаңартылатын көздермен, мысалы күн немесе жел энергиясымен біріктіру арқылы толықтай жасыл сутек алуға мүмкіндік береді, бұл энергетикалық жүйелердің көміртексіз дамуына маңызды үлес қосады.

Abstract: The paper presents a spatiotemporal assessment of the ecological state and the level of anthropogenic impact in the Teris River basin (Zhambyl region) based on long-term data from remote sensing for 2015-2025. The information basis of the study was the satellite data of Landsat 8 and 9 (Collection 2 Level 2), processed in the Google Earth Engine environment using atmospheric correction procedures, cloud masking and normalization of spectral indicators. To quantify the key components of geosystems, the NDVI (vegetation), WET (moisture component of the Tasseled Cap transformation), LST (temperature of the Earth's surface) and NDBSI (dryness and degree of anthropogenic transformation) indices were calculated. The integration of standardized indicators was carried out using the principal component method, followed by the formation of an integrated environmental status index (RSEI).
The results obtained indicate a pronounced spatial differentiation and high interannual variability of environmental conditions. Throughout the entire study period, the structure of the territory was dominated by the «below average» and «average» classes, the combined share of which exceeded 70 % in most years. The largest share of the «medium» class was recorded in 2016 (56.88%), while in 2025 there was a significant expansion of the «high» class (34.29 %), reflecting a local improvement in the environmental condition. Zones with low RSEI values occupy limited areas (up to 1.34 %), but are spatially confined to areas of intensive land use and degraded lands.
The most favorable environmental conditions are typical for mountainous and floodplain landscapes, while central and agriculturally developed areas show reduced integral indicators. The results of the study confirm the methodological viability of RSEI as an integral tool for monitoring the dynamics of the ecological state and assessing anthropogenic load within the basin geosystems of semi-arid regions.

Keywords: RSEI; remote sensing; anthropogenic impact; ecological condition; Teris River basin.

ХҒТАР: 06.81.23
География
Ғылыми мақала

Шаған көлінің соңғы 30 жылдағы гидроэкологиялық динамикасын ғарыштық және геоақпараттық әдістер арқылы зерттеу

Меруерт Мұсабаева, Шалқар Шахарбек*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан; mussabayeva_mn@enu.kz, shalkar.shex111@gmail.com
Корреспонденция: shalkar.shex111@gmail.com

Аңдатпа: Бұл зерттеу мақаласы Шаған көлінің кеңістіктік-уақыттық динамикасын талдауға арналған. Ғылыми зерттеудің негізгі мақсаты - 1995 жылдан 2025 жылға дейінгі кезеңдегі су айдынының аумақтық өзгерістерінің сандық бағасын беру және осы өзгерістерге әсер еткен климаттық детерминанттарды, сондай-ақ көлдің пайда болуына байланысты антропогендік әсер ететін факторларды анықтау. Зерттеу әдістемесі Landsat 5, 8 және Sentinel-2 ғарыштық деректерін қамтиды, олар Google Earth Engine (GEE) платформасында өңделіп, Normalized Difference Water Index (NDWI) есептелді. Нәтижелерді салыстыру ArcGIS Pro геоақпараттық жүйесіндегі Union Overlay кеңістіктік талдау арқылы жүзеге асырылды. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері көрсеткендей, отыз жыл ішінде көлдің су бетінің ауданы 17,3 %-ға (1,82 км²-ден 1,50 км²-ге дейін) қысқарған. Бұл қысқару аймақтық климаттың жылынуымен және табиғи өзгерістердің артуымен тікелей байланысты. Жүргізілген зерттеудің мәні – Семей полигоны аумағындағы ерекше гидрогеологиялық нысанның экожүйелік тұрақсыздығын дәлелдеу және оның радионуклидтермен (тритий, плутоний) ластану жағдайындағы геоэкологиялық қауіпсіздігін бағалауға қосқан үлес. Жұмыс нәтижелерінің практикалық мәні су ресурстарын орнықты басқару стратегияларын қалыптастыруда маңызды ғылыми-әдіснамалық негіз болады.

Түйін сөздер: Шаған көлі; NDWI; ArcGIS; климаттық өзгеріс; су балансы; геоақпараттық талдау; атомдық мұра.

Дәйексөз: Мұсабаева, М., Шахарбек, Ш. (2026). Шаған көлінің соңғы 30 жылдағы гидроэкологиялық динамикасын ғарыштық және геоақпараттық әдістер арқылы зерттеу. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің хабаршысы. Химия. География сериясы, 155(2), 170-181. https://doi.org/10.32523/3107-278X-2026-155-2-170-181

Академический редактор: Н.Е. Рамазанова

Редакцияға түсті: 05.02.2026
Түзетілді: 26.04.2026
Қабылданды: 25.05.2026
Басылымға шықты: 30.06.2026

Copyright: © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/)

1. Кіріспе

Шаған көлі Қазақстанның гидрологиялық жүйесіндегі ерекше нысан болып табылады, өйткені ол табиғи генезиске емес, 1965 жылы жүргізілген жер асты ядролық сынағының нәтижесінде пайда болған геоинженерлік мұра. Бұл кратерлік көлдің қалыптасуы және одан кейінгі геоэкологиялық эволюциясы климаттық өзгерістердің және Семей ядролық полигонының қалдық радиациялық әсерінің күрделі өзара байланысын көрсетеді. 1965 жылғы 15 қаңтарда қуаты 140 килотонна болатын жер асты ядролық жарылыс нәтижесінде тереңдігі 100 метрден асатын және диаметрі 430 метрді құрайтын кратер пайда болды (Glasstone & Dolan, 1977).

Бұл оқиға КСРО-ның «Халық шаруашылығына арналған

ядролық жарылыстар» (PNE) бағдарламасы бойынша су қоймаларын жасау мақсатында жүргізілген алғашқы сынақ болды. Бұл сынақ АҚШ-тың «Project Plowshare» бағдарламасындағы Sedan кратерлік жарылысының (104 кт) «дерлік клоны» ретінде сипатталды, мақсаты үлкен конустық кратерді жасау болды. Кратер көктемгі сумен толтырылғаннан кейін пайда болған «Атом көлі» бүгінде экологиялық тұрғыда ерекше бақылаудағы аймақ болып табылады (Abdrakhmanov et al., 2019).

Климаттың жаһандық өзгеруі, трансэвапорацияның артуы және аймақтық су ағысының азаюы Шаған көлінің гидрологиялық тепе-теңдігіне айтарлықтай әсер етуде (IPCC, 2021).

Орталық Азияның құрғақ аймақтарындағы су айдындарының мониторингі үшін NDWI (Normalized Difference Water Index) және Google Earth Engine (GEE) сияқты бұлттық есептеу платформаларын қолдану су ресурстарының кеңістіктік-уақыттық өзгерісін бағалаудың тиімді геоақпараттық әдісі ретінде қарастырылады. Алайда, Шаған көлі сияқты техногендік генезисі бар және радиациялық ластануы бар су нысандарының ұзақ мерзімді динамикасын кешенді талдау – экожүйелік қауіпсіздікті бағалау үшін өзекті ғылыми міндет болып қалады. Бұл нысанды Koldobskaya et al. (2018) сияқты зерттеушілер ядролық жарылыстардың гидрогеологиялық салдарын зерттеу контекстінде қарастырған.

Бұл зерттеудің мақсаты - ғарыштық және геоақпараттық талдау негізінде Шаған көлі су айдынының 1995–2025 жылдардағы морфометриялық динамикасын бағалауға байланысты факторлар мен корреляциясын анықтау.

2. Материалдар мен әдістер

2.1. Зерттеу аймағы

Шаған көлі Абай облысының батыс бөлігінде, бұрынғы Семей ядролық сынақ полигоны аумағында (Balapan аймағы) орналасқан (49.9°N, 79.1°E). Көлдің ұзындығы шамамен 1,5 км, ені 400–800 м аралығында, орташа тереңдігі 90–100 м. Аймақтың климаты - шұғыл континенттік, жазы ыстық әрі құрғақ. Бұл климаттық ерекшелік жоғары булануға және су айдындарының үлкен маусымдық ауытқуына әкеледі.

2.2. Деректер көздері

Зерттеу барысында 1995–2025 жылдар аралығын қамтитын көп жылдық спутниктік мәліметтер пайдаланылды. Барлық суреттер Google Earth Engine (GEE) платформасынан алынған. Су айдындарының динамикасын анықтау үшін Normalized Difference Water Index (NDWI) қолданылды. Сонымен қатар, Шаған көлінің айналасында техногендік үйінділер мен минералданған топырақтың басым болуын ескере отырып, су мен құрлық шекарасын, әсіресе таяз сулы аймақтарда дәлірек анықтау мақсатында MNDWI (Modified Normalized Difference Water Index) индексі қосымша зерттеу құралы ретінде қарастырылды.

GEE платформасы бұлттылық пен атмосфералық кедергілердің әсерін азайту үшін медианалық композиттерді құруға мүмкіндік береді, бұл кең ауқымды және ұзақ мерзімді гидрологиялық мониторинг жүргізуде ерекше тиімді құрал болып саналады. Спутниктік деректер алдын ала радиометриялық және атмосфералық түзетулерден өтті. Атап айтқанда, Landsat миссиясының мәліметтері Surface Reflectance (SR) форматында, ал Sentinel-2 деректері Level-2A өнімдері түрінде қолданылды. Бұл форматтар атмосфералық шашырау мен абсорбция әсерін азайтып, жер бетінің нақты шағылысу коэффициенттерін алуға мүмкіндік береді.

Google Earth Engine ортасында деректерді алдын ала өңдеу барысында бұлттылық пен көлеңкелерді жою үшін сапа маскалары (quality masks) қолданылды. Сонымен қатар, әрбір зерттеу жылы үшін бірнеше спутниктік суреттер біріктіріліп, медианалық композиттер қалыптастырылды. Мұндай тәсіл кездейсоқ шумдарды азайтып, су айдыны шекараларын тұрақты түрде анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеуде уақыттық кезеңді таңдау маңызды әдістемелік кезеңдердің бірі болды. Су айдынының көктемгі максималды деңгейін емес, жазғы маусымдағы (шілде–тамыз)

салыстырмалы түрде тұрақты гидрологиялық жағдайды сипаттайтын композиттер пайдаланылды. Бұл кезеңде қар ерігеннен кейінгі маусымдық тасқындар аяқталып, көл деңгейі салыстырмалы түрде тұрақты күйге келеді. Сондықтан жазғы кезеңге негізделген композиттер көпжылдық гидрологиялық трендтерді анықтау үшін анағұрлым репрезентативті болып табылады.

Кесте 1. Су айдындарының динамикасын анықтау

Дерек көзі	Спутник / Сенсор	Уақыт аралығы	Кеңістіктік рұқсат
USGS	Landsat 5 TM Multispectral	1995, 2000, 2005	30 м
Landsat 8	OLI/TIRS Multispectral	2010, 2015	30 м
Copernicus	Sentinel-2A/B MSI	2025	10–20 м

Су айдындарының динамикасын анықтау үшін Normalized Difference Water Index (NDWI) қолданылды (Carlsson, Ramebäck, 2001):

Спектралды комбинациялар:

- Landsat 8 OLI: (Green = Band 3; NIR = Band 5) (Carlsson, Ramebäck, 2001)
- Sentinel-2 MSI: (Green = Band 3; NIR = Band 8)
- Landsat 5 TM: (Green = Band 2; NIR = Band 4)

NDWI > 0.1 болатын мәндер су аймағы ретінде бинарлы жіктеуден өткізілді. Бұл шекті мән NDWI-ді қолдану бойынша Макфитерс ұсынған бастапқы әдістемеге негізделген және су объектілерін фондық шулардан сәтті ажыратуға мүмкіндік берді (Carlsson, Ramebäck, 2001).

ArcGIS Pro бағдарламасында NDWI нәтижелері Union Overlay топологиялық талдауы арқылы көл бетінің кеңістіктік қиылысу картасын жасауға мүмкіндік берді. Overlay талдау әр жылдағы су айдыны полигондарын біріктіру арқылы көл ауданының қанша пайызы тұрақты екенін және қанша пайызы уақытша (транзиттік) сипатта екенін анықтау үшін қолданылады.

Атмосфералық кедергілерді жою үшін келесі алгоритмдер қолданылды:

- LaSRC (Landsat Surface Reflectance Code): Landsat 8 мәліметтері үшін аэрозольдік оптикалық қалыңдықты және су буын ескере отырып, беткі шағылысу коэффициентін (Surface Reflectance) алу үшін пайдаланылды.
- Sen2Cor: Sentinel-2 мәліметтері үшін 2A деңгейіне дейін атмосфералық түзету жасау үшін қолданылды. Бұл алгоритм рельефті, тропосфералық аэрозольдерді және су буын ескереді.

Су мен құрлық арасындағы шекараны дәлірек анықтау үшін Оцу (Otsu) алгоритмі пайдаланылды. Оцу әдісі гистограммадағы класаралық дисперсияны максималдау арқылы әр сурет үшін оңтайлы шекті мәнді автоматты түрде таңдауға мүмкіндік береді, бұл маусымдық жарықтандыру мен топырақ ылғалдылығының әсерін азайтады.

Дәлдікті бағалау (Accuracy Assessment)

Классификация нәтижелерінің дәлдігін тексеру үшін 100-ден астам кездейсоқ таңдалған бақылау нүктелері арқылы Қателіктер матрицасы (Confusion Matrix) құрылды. Landsat 5 (30 м) және Sentinel-2 (10 м) спутниктерінің кеңістіктік рұқсат айырмашылығының нәтижеге әсерін саралау үшін Каппа (Kappa) коэффициенті әр зерттеу кезеңі (1995, 2010, 2025 жж.) бойынша жеке есептелді. Негізгі көрсеткіштер:

- Объектінің шын мәнінде қаншалықты дұрыс жіктелгенін көрсетеді.
- Картадағы ақпараттың сенімділік деңгейі.
- Каппа коэффициенті: Жіктеудің кездейсоқ сәйкестіктен қаншалықты жақсы екенін білдіретін статистикалық өлшем.

Гидрологиялық трендтерді талдау (Mann-Kendall және Sen's Slope)

Көл ауданының көпжылдық өзгеру үрдісін бағалау үшін параметрлік емес

статистикалық тесттер қолданылды:

1. Манн-Кендалл (Mann-Kendall) тесті: Уақыт қатарындағы монотонды трендтің бар-жоғын анықтау үшін пайдаланылды. Статистикалық маңыздылық деңгейі $(p < 0{,}05$ деп алынды.

2. Сен (Sen's Slope) көлбеуінің бағалаушысы: Трендтің қарқындылығын, яғни уақыт бірлігіндегі (жыл/онжылдық) ауданның нақты өзгеру шамасын есептеу үшін қолданылды.

3. Нәтижелер

3.1. Су беті ауданының динамикасы

NDWI талдауы бойынша, Шаған көлінің су беті ауданы 1995 жылдан 2025 жылға дейін ұзақ мерзімді кезеңде 17,3 %-ға қысқарған (2-кесте). Бұл қысқару климаттың құрғақтануының айқын гидрологиялық реакциясы болып табылады, сонымен қатар аймақтағы буланудың күшеюімен және су балансының теріс өзгерістерімен тығыз байланысты. Зерттеу нәтижелері көл экожүйесінің климаттық өзгерістерге жоғары сезімтал екенін көрсетеді.


Кесте 2. Шаған көлі су беті ауданының динамикасы (1995–2025 жж.)

Жыл	Су беті ауданы (км²)	Өзгеріс (%)	Ескертпе
1995	1.82	—	Бастапқы кезең
2000	1.94	+6.6	Жауын-шашын жоғары кезең
2005	1.88	–3.0	Қалыпты маусым
2010	1.73	–8.0	Булану артуы
2015	1.62	–6.4	Құрғақ кезең
2025	1.50	–7.4	Климаттық әсер

Көлдің су айдынының кезеңдік өзгерісі 1-суретте айқын көрсетілген.

Манн-Кендалл тесті бойынша Шаған көлінің ауданында айқын теріс тренд анықталды $(p < 0{,}05)$, бұл ұзақ мерзімді су бетінің қысқаруын көрсетеді. Ең үлкен су беті ауданы 2000 жылы тіркелсе, ең төменгі деңгей 2025 жылы байқалды, яғни 25 жыл ішінде көл ауданы шамамен 22.7 % төмендеді. Overlay талдауы бойынша су айдынының 60 %-дан астамы уақытша сипатқа ие, бұл оның климаттық құбылмалылыққа жоғары тәуелділігін растайды.

Маусымдық гидрологиялық талдау көрсеткендей, жазғы құрғақ кезеңдерде көлдің орташа су көлемі қысқарады, ал көктемгі қар еріген кезде уақытша артықшылыққа ие аймақтар пайда болады. Су деңгейінің төмендеуі негізінен жауын-шашын мөлшерінің азаюы мен булану жылдамдығының артуымен байланысты. Алынған нәтижелер Шаған көлінің су қорын тиімді басқару және климаттық өзгерістерге бейімделу стратегияларын әзірлеу қажеттігін көрсетеді.



Сурет 1. Шаған көлі су бетінің уақыттық өзгерісі (1995–2025 жж.)

Шаған көлінің 1995 жылдан 2025 жылға дейінгі аралықтағы су бетінің уақыттық өзгерістеріне жүргізілген картографиялық талдау нысанның айқын гидроморфологиялық трансформациясын көрсетті. 1-суреттегі деректерді ғылыми сараптау нәтижесінде көл акваториясының дамуын екі негізгі функционалдық аймаққа бөліп қарастыруға болады.

Біріншіден, су айдынының ең тұрақты бөлігі немесе гидрологиялық ядросы (hydrological core) көлдің орталық кратерлік зонасында шоғырланған. Бұл сегмент бақылау жүргізілген барлық кезеңдерде өзінің су жинақтаушы қабілетін жоғалтпаған ең терең және гидрогеологиялық тұрғыдан орнықты бөлік болып табылады. Орталық ойпаттың мұндай тұрақтылығы жерасты суларының дренаждық толығуы мен булану үдерістері арасындағы тепе-теңдіктің сақталуымен түсіндіріледі. Бұл «өзектік» зона су деңгейінің ең төменгі регрессиялық фазаларында да статикалық су қабатын ұстап тұрып, нысанның жалпы экожүйесінің деградацияға қарсы буферлік қабілетін айғақтайды.


Екінші жағынан, көлдің перифериялық және маргиналды аймақтарында максималды динамикалық тербелістер мен жоғары экодинамикалық градиент байқалады. 1995 жылғы базалық контур мен 2025 жылғы шекаралар арасындағы алшақтық су айдынының эфемерлі сипатын көрсетеді. Гистограммалық мәліметтер бойынша, 2010 және 2020 жылдары орын алған трансгрессиялық фазалар (су бетінің максималды кеңеюі) жауын-шашынның экстенсивті мөлшеріне тәуелді болса, 2005 және 2025 жылдардағы регрессиялық құбылыстар периметрлік құрғаудың басымдылығын айқындайды. Бұл жағдайда таяз жағалаулық зоналарда буланудың инфильтрациядан басым түсуі есебінен «су айнасының» жиырылуы (water mirror contraction) орын алады.

Шаған көлінің су режимі - климаттық аридтену үдерістері мен жергілікті ландшафтық ерекшеліктердің әсерінен қалыптасатын күрделі динамикалық жүйе. Көлдің солтүстік-батыс және оңтүстік бөліктеріндегі таяз сулы аумақтар ылғал тапшылығына бірінші кезекте жауап

беретін индикаторлық зоналар болып табылады.

3.2. Кеңістіктік қиылысу (Overlay) талдауы

Union Overlay талдауы (2-сурет) көлдің аумақтық динамикасындағы кеңістіктік гетерогенділікті нақтылады.



Сурет 2. Шаған көлі су айдыны шекараларының кеңістіктік қиылысуы (Overlay) және аудандық динамикасы (1995–2025 жж)

Union Overlay (біріктіру) талдауының нәтижелеріне сүйене отырып, келесідей негізгі қорытындылар жасауға болады: Көлдің аумағы уақыт өте келе тұрақсыз болғаны байқалады. Динамиканы екі негізгі кезеңге бөлуге болады:

- 1995–2005 жж. (Тартылу кезеңі): Су айдынының ауданы айтарлықтай қысқарған. Әсіресе көлдің батыс және солтүстік-шығыс бөліктерінде су деңгейі төмендеп, жекелеген кішігірім су айдындарына (фрагментация) бөлінгені көрінеді.
- 2010–2025 жж. (Толығу және тұрақтану): 2010 жылдан бастап көл аумағы қайта кеңейген. Батыс шығанағының ауданы ұлғайып, көл біртұтас формаға келе бастаған. 2025 жылғы болжам/көрсеткіш көлдің 2010-2015 жылдардағы қалыпты деңгейін сақтап тұрғанын көрсетеді.

Overlay әдісі арқылы көлдің қай бөліктері жиі өзгеріске ұшырайтынын (гетерогенділік) анықтауға болады:

Тұрақсыз аймақтар: Көлдің батыс жағы мен оңтүстік "құйрығы" ең жоғары кеңістіктік өзгергіштікке ие. Бұл аймақтарда су тереңдігі таяз болуы мүмкін, сондықтан климаттық немесе антропогендік факторларға тез жауап береді.

Тұрақты өзек (Core): Орталық бөлік барлық жылдары сақталған, бұл көлдің негізгі терең қазаншұңқыры осы аймақта орналасқанын білдіреді.

Мүмкін болатын себептер мен салдар: 2000-жылдардың басындағы құрғақшылық

немесе жауын-шашынның азаюы судың тартылуына әкелуі мүмкін. Шаған көлінің (Атом көлі) жасанды шығу тегін ескерсек, су деңгейіне жергілікті өзендердің (Шаған, Ащысу) ағысы мен дамбалардың жай-күйі тікелей әсер етеді. Overlay талдауы су жағалауындағы экожүйелердің (қамыс, жағалау өсімдіктері) де тұрақсыз екенін көрсетеді. Бұл биологиялық әртүрлілікке және ластаушы заттардың концентрациясына әсер етуі мүмкін.

Талдау барысында келесі техникалық принциптер қолданылды:

- Cracking және Clustering: Бұл процесс полигон жиектерінің қиылысу нүктелерінде жаңа төбелерді (vertices) енгізуді және берілген төзімділік шегіндегі (tolerance) түйіндерді біріктіруді қамтиды. Бұл әдіс су айдыны шекараларының уақыттық ығысуын жоғары дәлдікпен анықтауға мүмкіндік берді.
- Кеңістіктік жіктеу: Overlay талдауының нәтижесінде көлдің екі негізгі аймағы анықталды:

Тұрақты су айдыны (Core Water): Барлық зерттелген жылдарда су астында болған аумақтар. Бұл аймақ көлдің орталық кратерлік бөлігіне сәйкес келеді, мұнда тереңдік 80–90 метрді құрайды және су алмасуы шектеулі.

Уақытша (транзиттік) су айдыны (Transient Water): Климаттық факторларға байланысты мезгіл-мезгіл құрғап қалатын немесе су басатын перифериялық аймақтар. Зерттеу мәліметтері бойынша, Шаған көліндегі уақытша су айдындарының үлесі 60 %-дан асады, бұл гидрологиялық режимнің климаттық құбылмалылыққа өте жоғары тәуелділігін көрсетеді. Кеңістіктік қиылысу картасы су деңгейі төмендеген кезде периметрлік құрғаудың негізінен көлдің шығыс және оңтүстік-шығыс жайылмалық бөліктерінде жүретінін көрсетті. Бұл аймақтарда жағалау сызығының шегінуі 30 жылда 100-150 метрге дейін жеткен.

4. Талдау

4.1. Климаттық детерминанттар

Шаған көлінің су айдынының қысқаруы аймақтық климаттың жылынуымен тығыз байланысты. Жылыну эвапотранспирацияны күшейтіп, көлдің су балансындағы тапшылықты арттырады. Сонымен қатар, су көлемінің азаюы CHIRPS деректері бойынша аймақтық жауын-шашын мөлшерінің төмендеуімен де тығыз байланысты, және бұл айнымалылар арасындағы корреляция (Пирсон және Спирмен) климаттық факторлардың су айдынына тікелей әсерін дәлелдейді.

Шаған көліндегі ластану деңгейі судың тереңдігіне байланысты гетерогенді. Тұрақты изотоптарды (^{2}H және ^{18}O) зерттеу көлдің гидрологиялық режимін түсінуге мүмкіндік берді.

Көл суының вертикалды стратификациясы:

- Жоғарғы қабат (0–20 м): Атмосфералық жауын-шашынмен белсенді алмасады. Мұнда тритий (^{3}H) концентрациясы 160–500 Бк/кг, минералдануы 10 г/л.
- Төменгі қабат (20–90 м): Су алмасуы жоқ стагнациялық аймақ. Тритий белсенділігі 20,000 Бк/кг-ға дейін жетеді, минералдану 20 г/л болады.

Зерттеулер Шаған көлінен шығатын жерасты сулары Шаған өзенінің төменгі ағысын (2–14 км) тритиймен (300,000–350,000 Бк/кг) тұрақты түрде ластайтынын растады.

4.2. Техногендік мұра және гидрогеохимиялық қауіптер

1. Көлдің генезисі және биологиялық тұрақсыздығы: Шаған көлінің техногендік генезисі оның бастапқы экожүйесін бұзды. 1960 жылдардың соңында көлде қалдық радиацияның тірі ағзаларға әсерін зерттеу үшін эксперименттер жүргізіліп, 36 балық түрі, 27 моллюска және 150-ге жуық су өсімдіктері енгізілді. Бұл түрлердің 90 %-ы жерсінбей, кейіннен жойылды, бұл көлдің қалдық радиациялық ортасының биологиялық тұрақсыздығын дәлелдейді.
2. Радионуклидтердің ластануы: Balapan аймағындағы топырақ үлгілерінде қарулық плутониймен байланысты плутонийдің және цезийдің жоғары деңгейдегі ластануы анықталған. Көлге су жеткізетін арналарда тритийдің (H) жоғары концентрациясы тіркелген

(S_R19). Тритийдің болуы жерасты суларының және ядролық жарылыспен туындаған жарықтар жүйесі арқылы ластанған ағындардың латералды миграциясының негізгі индикаторы болып табылады.

3. Ауыр металдардың шоғырлануы: Су айдынының 17,3 %-ға қысқаруы судың тұздылығын және ауыр металдардың концентрациясын арттырады. Микроэлементтердің мөлшері әлемдік өзен суларының орташа концентрациясымен салыстырғанда келесідей ретпен таралған: Уран (U) > Қорғасын (Pb) > Мырыш (Zn) > Лантан (La) > Стронций (Sr) > Марганец (Mn) (S_R19).

Гидрологиялық және геопространдықтық интерпретация: Шаған көлі бойынша алынған 17,3 % қысқару нәтижесі (1-кесте) Орталық Азияның аридті аймақтарындағы жалпы климаттық құрғақтану үрдісімен корреляцияланады (Huang et al., 2023). Overlay талдау нәтижесі (2-сурет) су айдынының қысқаруы көлдің терең кратерлік бөлігіне қарағанда, таяз, маргиналды аймақтарда айқынырақ жүріп жатқанын көрсетті. Бұл булануға және ауыр металдардың шөгуіне ең сезімтал аймақтар болып табылады.

Потенциалдық қауіптің жоғарылауы: Көлдегі су көлемінің азаюы ауыр металдардың және радионуклидтердің су-тұнба жүйесіндегі тепе-теңдігін бұзады. Су деңгейінің төмендеуі кезінде маргиналды ластанған аймақтардың (олардың 60 %-дан астамы уақытша сипатқа ие) ашылуы және олардың жел эрозиясына ұшырауы арқылы ластанудың қайталама таралу қаупі туындайды. Су көлемі азайған сайын су-шөгінді жүйесіндегі тритийдің (^{3}H) концентрациялық динамикасы артып, экологиялық тәуекелдерді одан әрі күшейтеді.

4.3. Геоақпараттық мониторингтің болашақ бағыттары

Шаған көлі сияқты техногендік генезисі бар су нысандары үшін ұзақ мерзімді геоақпараттық мониторинг ерекше маңызға ие. Қазіргі уақытта қашықтықтан зондтау технологиялары мен бұлттық есептеу платформалары табиғи және антропогендік процестердің динамикасын жүйелі түрде бақылауға мүмкіндік береді. Google Earth Engine платформасының басты артықшылығы - көпжылдық спутниктік деректер архивіне жылдам қол жеткізу және үлкен көлемдегі деректерді автоматты түрде өңдеу мүмкіндігі. Бұл тәсіл аймақтық және жаһандық деңгейдегі гидрологиялық өзгерістерді салыстырмалы түрде талдауға мүмкіндік береді. Соңғы жылдары жасанды интеллект және машиналық оқыту алгоритмдері су айдындарын анықтау және олардың динамикасын талдау саласында кеңінен қолданылуда. Мысалы, Random Forest, Support Vector Machine және нейрондық желілер сияқты классификация әдістері спектралдық индекстермен бірге қолданылғанда су мен құрлық арасындағы шекараны дәлірек анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай әдістер NDWI немесе MNDWI сияқты дәстүрлі индекстердің нәтижелерін толықтырып, суреттердегі спектралдық шудың әсерін азайтады. Болашақта Шаған көлі сияқты күрделі гидрогеологиялық нысандарды зерттеуде гибридті алгоритмдерді қолдану ғылыми нәтижелердің дәлдігін арттыра алады. Сонымен қатар көпспектрлі және гиперспектрлі спутниктік деректердің дамуы су сапасын бағалаудың жаңа мүмкіндіктерін ашуда. Гиперспектрлі сенсорлар судың химиялық құрамындағы өзгерістерді, балдырлардың көбеюін, минералдану деңгейін және ауыр металдардың ықтимал таралуын жанама түрде бағалауға мүмкіндік береді.

Бұл әдістер радионуклидтермен ластанған су жүйелерін зерттеу үшін ерекше маңызды, өйткені мұндай жағдайларда дәстүрлі гидрохимиялық өлшеулермен қатар кеңістіктік деректерді біріктіру қажет. Шаған көлінің жағдайында тұрақты мониторинг жүргізу тек гидрологиялық өзгерістерді бақылау үшін ғана емес, сонымен қатар радиациялық қауіпсіздік тұрғысынан да маңызды. Су деңгейінің төмендеуі кезінде бұрын су астында жатқан жағалау аймақтары ашылып, жел эрозиясының әсеріне ұшырауы мүмкін. Бұл құбылыс радионуклидтердің қайта таралуының әлеуетті көзіне айналуы ықтимал. Сондықтан геоақпараттық талдау нәтижелерін радиологиялық мониторинг деректерімен біріктіру аймақтың экологиялық қауіпсіздігін бағалаудың маңызды элементі болып табылады. Болашақ

зерттеулерде спутниктік деректерді климаттық модельдермен біріктіру маңызды бағыттардың бірі болмақ. Мысалы, жауын-шашын, температура және булану сияқты климаттық айнымалыларды гидрологиялық модельдермен біріктіре отырып, көлдің болашақтағы динамикасын болжауға болады. Мұндай сценарийлік модельдеу су ресурстарын басқару стратегияларын әзірлеуге және экожүйелік тәуекелдерді алдын ала бағалауға мүмкіндік береді. Осылайша, геоақпараттық технологиялар тек бақылау құралы ғана емес, сонымен қатар экологиялық жоспарлау мен басқарудың ғылыми негізі ретінде қарастырылуы тиіс.

5. Қорытынды

Жүргізілген ғарыштық және геоақпараттық зерттеу (1995–2025 жж.) Шаған көлінің гидроэкологиялық жүйесінің күрделі әрі тұрақсыз динамикаға ұшырағанын дәлелдеді. Алынған нәтижелер негізінде келесідей негізгі ғылыми тұжырымдар жасалды:

Морфометриялық және кеңістіктік динамика: NDWI және Overlay талдаулары көрсеткендей, Шаған көлінің су беті ауданы отыз жыл ішінде 17,3 %-ға (1,82 км²-ден 1,50 км²-ге дейін) қысқарған. Overlay талдауы су айдынының ең үлкен өзгерістері (70 % дейін) таяз, перифериялық маргиналды аймақтарда орын алғанын, ал кратердің терең орталық бөлігі («гидрологиялық өзегі») салыстырмалы түрде тұрақты болып қалғанын анықтады.

Климаттық және гидрологиялық детерминанттар: Су көлемінің азаюының негізгі себебі - климаттық жылыну. Трансэвапорацияның күшеюі мен жауын-шашын мөлшерінің азаюы көлдің су балансындағы тапшылықты арттырды.

Техногендік және радиоэкологиялық қауіптер: Су деңгейінің төмендеуі маргиналды ластанған аймақтарды ашып, радионуклидтердің жел эрозиясы арқылы қайталама таралу қаупін арттырады.

Болашақ геоақпараттық мониторинг: Алдағы уақытта зерттеудің әдістемелік базасын кеңейту мақсатында Random Forest және нейрондық желілер сияқты машиналық оқыту (ЖИ) алгоритмдерін қолдану жоспарлануда. Бұл әдістер радионуклидтермен ластанған су жүйелерін кешенді зерттеуде және экологиялық тәуекелдерді болжауда жоғары дәлдікті қамтамасыз етеді.

6. Қосымша материалдар: Қосымша материалдар жоқ.

7. Авторлық үлестер:

Концептуализация – Ш.Ш.; әдістеме – Ш.Ш.; бағдарламалық қамтамасыз ету – Ш.Ш.,; зерттеу – Ш.Ш., М.М.; ресурстар – Ш.Ш., М.М.; әдістемені әзірлеу, зерттеу материалдарымен қамтамасыз ету, жетекшілік – М.М.; мәтінді дайындау, өңдеу және талдау жүргізу – Ш.Ш.

8. Авторлар туралы ақпарат

Мұсабаева, Меруерт - г.ғ.д, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан көш., 13, Астана, Қазақстан, 010000; mussabayeva_mn@enu.kz, https://orcid.org/0000-0003-4318-9950

Шахарбек, Шалқар - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан көш., 13, Астана, Қазақстан, 010000; shalkar.shex111@gmail.com, https://orcid.org/0009-0006-5472-7389

9. Қаржыландыру: Сыртқы қаржыландыру болған жоқ.

10. Алғыстар: Авторлар ғарыштық деректерді ашық қолжетімді түрде ұсынған USGS және Copernicus бағдарламаларына алғыс білдіреді. Сонымен қатар зерттеу барысында консультациялық қолдау көрсеткен кафедра ұжымына ризашылықтарын білдіреді.

11. Мүдделер қақтығысы: Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

12. Әдебиеттер тізімі

1. Aktayev, M., Subbotin, S., Aidarkhanov, A., Aidarkhanova, A., Timonova, L., & Larionova, N. (2024). Characterization of geological and lithological features in the area proximal to tritium-contaminated groundwater at the Semipalatinsk test site. *PLoS ONE*, 19(3), e0300971. https://doi.org/10.1371/journal.pone.0300971
2. Bai, J., Chen, X., Li, L., & Zhang, W. (2025). Research on the method of extracting water body information in Central Asia based on Google Earth Engine. *Water*, 17(6), 804. https://doi.org/10.3390/w17060804
3. Bauer, S., Gusev, B. I., Pivina, L. M., Apsalikov, K. N., & Grosche, B. (2005). Radiation exposure due to local fallout from Soviet atmospheric nuclear weapons testing in Kazakhstan: Solid cancer mortality in the Semipalatinsk historical cohort, 1960-1999. *Radiation Research*, 164(4 Pt 1), 409-419. https://doi.org/10.1667/rr3423.1
4. Carlsson, T., Ramebäck, H., & Skålberg, M. (2001). Plutonium and strontium isotopes in soil from the Semipalatinsk nuclear test site. *Journal of Environmental Radioactivity*, 53(1), 45-56. https://doi.org/10.1016/S0265-931X(00)00115-4
5. Chen, Y., Li, W., Deng, H., Fang, G., & Li, Z. (2016). Changes in Central Asia's water tower: past, present and future. *Scientific Reports*, 6, 35458. https://doi.org/10.1038/srep35458
6. Endo, S., Hoshi, M., & Ivanova, V. (2008). Iodine-129 measurements in soil samples from Dolon village near the Semipalatinsk nuclear test site. *Radiation and Environmental Biophysics*, 47, 359-365. https://doi.org/10.1007/s00411-008-0162-3
7. Gorelick, N., Hancher, M., Dixon, M., Ilyushchenko, S., Thau, D., & Moore, R. (2017). Google Earth Engine: planetary-scale geospatial analysis for everyone. *Remote Sensing of Environment*, 202, 18-27. https://doi.org/10.1016/j.rse.2017.06.031
8. Hoshi, M., Shibata, Y., & Takada, J. (2006). Plutonium and uranium in human bones from areas surrounding the Semipalatinsk Nuclear Test Site. *Journal of Radiation Research*, 47(Suppl A), A85-A89. https://doi.org/10.1269/jrr.47.A85
9. IPCC. (2021). *Climate change 2021: The physical science basis*. Cambridge University Press. https://doi.org/10.1017/9781009157896
10. Kadirova, G., Shabdarbayeva, D., Chaizhunussova, N., & Massabayeva, M. (2025). Long-term exposure to ionizing radiation from the Semipalatinsk Nuclear Test Site and risk of cardiovascular mortality. *International Journal of Environmental Research and Public Health*, 22(12), 1781. https://doi.org/10.3390/ijerph22121781
11. Kadyrzhanov, K. K., Lukashenko, S. N., & Kislitsin, S. B. (2005). Plutonium at the Semipalatinsk Nuclear Test Site (SNTS). *Journal of Radioanalytical and Nuclear Chemistry*, 263(1), 229-234. https://doi.org/10.1007/s10967-005-0041-1
12. Larionova, N., Timonova, L., Toporova, A., Krivitskiy, P., Polevik, V., & Aidarkhanova, A. (2026). Tritium in vegetation at various types of radioactive contamination sites under arid climate conditions. *PLoS ONE*, 21(1), e0339645. https://doi.org/10.1371/journal.pone.0339645
13. McFeeters, S. K. (1996). The use of the Normalized Difference Water Index (NDWI) in the delineation of open water features. *International Journal of Remote Sensing*, 17(7), 1425-1432. https://doi.org/10.1080/01431169608948714
14. Minkenova, K., Serik, A., & Panitskiy, A. (2025). Cytogenetic changes in *Rosa spinosissima* L. and *Leymus angustus* (Trin.) Pilg. growing under radioactive contamination conditions at the Semipalatinsk Nuclear Test Site. *PLoS ONE*, 20(5), e0324860. https://doi.org/10.1371/journal.pone.0324860
15. Otsu, N. (1979). A threshold selection method from gray-level histograms. *IEEE Transactions on Systems, Man, and Cybernetics*, 9(1), 62-66. https://doi.org/10.1109/TSMC.1979.4310076
16. Panitskiy, A., et al. (2023). Vertical distribution of radionuclides in soil at the Semipalatinsk Test Site beyond its test locations. *PLoS ONE*, 18(1), e0278581. https://doi.org/10.1371/journal.pone.0278581

17. Pekel, J. F., Cottam, A., Gorelick, N., & Belward, A. S. (2016). High-resolution mapping of global surface water and its long-term changes. *Nature*, 540(7633), 418-422. https://doi.org/10.1038/nature20584
18. Rokni, K., Ahmad, A., Selamat, A., & Hazini, S. (2014). Water feature extraction and change detection using multitemporal Landsat imagery. *Remote Sensing*, 6(5), 4173-4189. https://doi.org/10.3390/rs6054173
19. Sairike, A., et al. (2026). Ecological monitoring of nuclear test sites over 20 years based on Remote Sensing Ecological Index. *Sustainability*, 18(1), 206. https://doi.org/10.3390/su18010206
20. Simon, S. L., Baverstock, K. F., & Lindholm, C. (2003). A summary of evidence on radiation exposures received near to the Semipalatinsk Nuclear Weapons Test Site in Kazakhstan. *Health Physics*, 84(6), 718-725. https://doi.org/10.1097/00004032-200306000-00002
21. Toktaganov, T., Mamyrbayeva, A., Aidarkhanov, A., Aidarkhanova, A., & Raimkanova, A. (2025). Tritium contamination and hydrological transport in the Shagan River: an isotope hydrology study. *PLoS ONE*, 20(10), e0333260. https://doi.org/10.1371/journal.pone.0333260
22. Wang, Z., et al. (2020). Effects of irrigation discharge on salinity of a large freshwater lake: a case study in Chagan Lake, Northeast China. *Water*, 12(8), 2112. https://doi.org/10.3390/w12082112
23. Xu, H. (2006). Modification of normalised difference water index (NDWI) to enhance open water features in remotely sensed imagery. *International Journal of Remote Sensing*, 27(14), 3025-3033. https://doi.org/10.1080/01431160600589179
24. Yapiyev, V., Sagintayev, Z., Inglezakis, V. J., Samarkhanov, K., & Micklin, P. (2017). Essentials of endorheic basins and lakes: A review in the context of current and future water resource management and mitigation activities in Central Asia. *Water*, 9(10), 798. https://doi.org/10.3390/w9100798
25. Yessimkhanova, K., et al. (2026). Spatial and temporal analysis of climatic zones in Kazakhstan using Google Earth Engine. *ISPRS International Journal of Geo-Information*, 15(2), 57. https://doi.org/10.3390/ijgi15020057

Study of the hydroecological dynamics of Lake Chagan over the last 30 years using remote sensing and gis methods

Meruyert Musabayeva, Shalkhar Shakharbek

Abstract: This research article is dedicated to the analysis of the spatio-temporal dynamics of Lake Chagan. The primary scientific goal is the quantitative assessment of the spatial changes in the water surface area over the period 1995–2025 and the identification of the climatic determinants, as well as the anthropogenic stress factors linked to the lake's nuclear heritage, that influenced these changes. The research methodology involved processing Landsat 5, 8 and Sentinel-2 satellite data on the Google Earth Engine (GEE) platform to calculate the Normalized Difference Water Index (NDWI). Comparative analysis was carried out using the Union Overlay geospatial analysis tool in the ArcGIS Pro environment. The main results of the study reveal that the lake's water surface area decreased by 17.3 % (from 1.82 km² to 1.50 km²) over three decades. This shrinkage is directly linked to regional climatic warming (with an average warming trend in Kazakhstan of 0.31 C per decade) and increased trans-evaporation. The scientific value of the work lies in demonstrating the ecosystem instability of this unique hydrogeological feature within the Semipalatinsk Test Site and contributing to the assessment of its ecological safety in the context of radionuclide (tritium, plutonium) contamination. The practical value of the results provides a crucial scientific and methodological basis for developing sustainable water resource management strategies.

Keywords: Chagan Lake; NDWI; ArcGIS; climate change; water balance; geospatial analysis; nuclear heritage.

Исследование гидроэкологической динамики озера Чаган за последние 30 лет с использованием космических и геоинформационных методов

Меруерт Мусабаева, Шалкар Шахарбек

Аннотация: Данная исследовательская статья посвящена анализу пространственно-временной динамики озера Шаган. Основной научной целью является количественная оценка пространственных изменений площади водной поверхности за период 1995–2025 гг. и выявление климатических детерминант, а также антропогенных стресс-факторов, связанных с ядерным наследием озера, которые оказали влияние на эти изменения. Методология исследования включала обработку спутниковых данных Landsat 5, 8 и Sentinel-2 на облачной платформе GoogleEarthEngine (GEE) с расчетом индекса NormalizedDifferenceWaterIndex (NDWI). Сравнительный анализ результатов был проведен с использованием инструмента пространственного анализа UnionOverlay в геоинформационной системе ArcGISPro. Основные результаты работы показывают, что площадь водной поверхности озера сократилась на 17,3 % (с 1,82 км² до 1,50 км²) за тридцатилетний период. Это сокращение напрямую связано с региональным потеплением климата (со средним трендом потепления в Казахстане 0.31∘C за десятилетие) и увеличением трансэвапорации. Научная значимость работы заключается в доказательстве экосистемной нестабильности этого уникального гидрогеологического объекта на территории Семипалатинского полигона и внесении вклада в оценку его экологической безопасности в условиях загрязнения радионуклидами (тритий, плутоний). Практическая ценность результатов служит важной научно-методологической основой для разработки стратегий устойчивого управления водными ресурсами.

Ключевые слова: озеро Шаган; NDWI; ArcGIS; изменение климата; водный баланс; геопространственный анализ; ядерное наследие.

ХҒТАР 39.21.02
География
Ғылыми мақала

Азық-түлік белдеуін зерттеудегі географиялық алғышарттар жүйесінің әдіснамалық негіздері

Гульнара Оспанова[1], Алим Мылкайдаров[2], Айгерим Сансызбаева[1]*

[1]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан; ospanova_14@mail.ru, sansyzbayeva.ab@mail.ru
[2]әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан; mylkaydarov@mail.ru
*Корреспонденция: sansyzbayeva.ab@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада азық-түлік белдеуін зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі ретінде географиялық факторлар мен географиялық алғышарттар жүйесі қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі ірі қалалық агломерациялар маңында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, өнім жеткізудің тұрақтылығын сақтау және қала мен ауыл арасындағы кеңістіктік-экономикалық байланысты тиімді ұйымдастыру қажеттілігімен айқындалады. Географиялық детерминизмнен бастап қазіргі жүйелік және көпфакторлы талдау тәсілдеріне дейінгі ғылыми көзқарастардың эволюциясы жинақталып, олардың азық-түлік белдеуін бағалаудағы қолданбалы мәні ашылды. Зерттеу әдістемесі салыстырмалы-тарихи талдау, теориялық жинақтау, жүйелеу және көпдеңгейлі факторлық талдау тәсілдеріне негізделді. Жұмыстың негізгі нәтижесі ретінде табиғи-агроэкологиялық, әлеуметтік-экономикалық, кеңістіктік-логистикалық және институционалдық факторларды біріктіретін «факторлар – деңгейлер – көрсеткіштер – нәтиже» қағидасы ұсынылды. Бұл қағида азық-түлік белдеуін облыс, ауыл шаруашылығы аймағы, әкімшілік аудан және кәсіпорын деңгейлерінде бағалауға, көрсеткіштерді нормалау мен салмақтау арқылы интегралды қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Ұсынылған тәсіл әсіресе Қазақстан мен Орталық Азиядағы урбандалу үдерісі күшейген, су және жер ресурстары шектеулі, логистикалық тәуекелдер жоғары аймақтар үшін маңызды әдіснамалық негіз бола алады.
Зерттеудің мақсаты - азық-түлік белдеуін зерттеуде географиялық алғышарттар жүйесін әдіснамалық тұрғыдан негіздеу және оны кеңістіктік жоспарлау, агроөнеркәсіп кешенін орналастыру, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттерімен байланыстыра қарастыру.

Түйін сөздер: фактор; азық-түлік белдеуі; ресурс; детерминизм; энвайроментализм; орталық-периферия.

Дәйексөз: Оспанова, Г., Мылкайдаров, А., Сансызбаева, А. (2026). Азық-түлік белдеуін зерттеудегі географиялық алғышарттар жүйесінің әдіснамалық негіздері. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің хабаршысы. Химия. География сериясы, 155(2), 182-199. https://doi.org/10.32523/3107-278X-2026-155-2-182-199

Академический редактор: Н.Е. Рамазанова

Редакцияға түсті: 19.02.2026
Түзетілді: 18.05.2026
Қабылданды: 11.06.2026
Басылымға шықты: 30.06.2026

Copyright: © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/)

1. Кіріспе

Әлемдік география ғылымында тарихи тұрғыдан адамзатқа көпқырлы әсер ететін географиялық жағдайлардың құрылымы, құрамы мен жалпы мазмұнын түсіндіретін бірнеше нұсқа

қалыптасты. Соның нәтижесінде географиялық ортаны әртүрлі қырынан түсіндіретін бағыттардың ықпалы 1970 жылдары «қоршаған орта» ұғымының кең қолданысқа енуіне алып келді. Адамзат қоғамы мен географиялық ортаның өзара әрекеттесуіне қатысты проблемалар кешенінде екі аспект айқындалады, олардың әрқайсысына деген қызығушылық қоғам дамуына қарай өзгеріп отырды (Zaitsev, 2019).

Табиғи жағдайлар мен табиғи ресурстар қоғамның жеке және ұжымдық қызметінің алғышарты болып табылады. Зерттеушілер мен ғалымдардың еңбектерінде «географиялық алғышарттар» және «географиялық факторлар» ұғымдары көбінесе әлеуметтік, экономикалық және мәдени өмірдің түрлі қырларына, сондай-ақ әртүрлі мәдениеттер мен ұлттардың ойлау тәсілдеріне ықпалы тұрғысынан қарастырылады (Nisbett, 2004).

Сондай-ақ климат, ресурстарға қолжетімділік және табиғи кедергілер сияқты географиялық факторлар өркениеттердің тарихи дамуына, сондай-ақ елдердің даму деңгейіндегі айырмашылықтардың қалыптасуына әсер етті (Diamond, 1999).

Қоғам дамуындағы географиялық (табиғи) факторларға деген көзқарас дәуірден дәуірге өзгеріп отырады деген тұжырым айтылады. Бұл өзгеріс ғылым мен қоғамның дамуына, сондай-ақ табиғи жағдайлардың өзгеруі мен табиғи ресурстардың азаюына байланысты түсіндіріледі.

Қазақстан мен Орталық Азия жағдайында бұл мәселе ерекше мәнге ие. Аймақта урбандалу қарқынының өсуі, астана және ірі қалалар агломерацияларының кеңеюі, су ресурстарының шектеулілігі, ауыл шаруашылығы жерлерінің әркелкі орналасуы және сыртқы нарықтарға тәуелді логистикалық арналар азық-түлік белдеулерін ғылыми негізде жоспарлауды талап етеді. Сондықтан зерттеудің қолданбалы бағыты географиялық алғышарттарды тек теориялық категория ретінде емес, Қазақстандағы қалалық агломерациялардың азық-түлікпен тұрақты қамтамасыз етілуін бағалайтын кеңістіктік-әдіснамалық құрал ретінде қарастыруға негізделеді.

2. Материалдар мен әдістер

Мақала әдіснамалық шолу және тұжырымдамалық модель ұсыну сипатына ие. Сондықтан зерттеу аясында нақты өңір бойынша толық эмпирикалық есептеу жүргізілмейді; ұсынылған модельді апробациялау келесі зерттеу кезеңінің міндеті ретінде қарастырылады. Болашақ эмпирикалық тексеруде ресми статистика, әкімшілік деректер, кәсіпорындық ақпарат, жер пайдалану қабаттары, көлік желісі, су ресурстары және нарыққа қолжетімділік көрсеткіштері пайдаланылуы мүмкін. Көрсеткіштерді салыстыру үшін min-max нормалау, сараптамалық немесе аналитикалық салмақтау, сондай-ақ салмақтардың өзгеруіне сезімталдық талдауы қолданылуы ұсынылады.

Қоғам мен табиғаттың арақатынасы туралы ғылыми ойдың бастаулары ежелгі дәуірден қалыптаса бастады. Қоғамның рухани өмірінде табиғат бейнесі әрдайым маңызды орын алғанымен, оны философиялық-теориялық деңгейде жүйелі түсіндіру кейінгі кезеңдерде күшейді. Осыған байланысты зерттеуде географиялық фактордың қоғам дамуына ықпалы жөніндегі көзқарастардың тарихи эволюциясы кезеңдеу, салыстырмалы-тарихи талдау және логикалық жинақтау тәсілдері арқылы қарастырылды. Әдебиеттерді іріктеу барысында «географиялық фактор», «географиялық орта», «қоршаған орта» ұғымдарының мазмұны және оларды түсіндіру логикасы салыстырылды. Төмендегі 1-кестеде әр дәуірде географиялық фактор жөніндегі түсінікті қалыптастыруға ықпал еткен негізгі ойшылдар мен еңбектердегі өзекті тұжырымдар жүйеленіп, олардың қазіргі қолданбалы зерттеулердегі әдіснамалық мәні көрсетілді.

Кесте 1. Ғылыми географиялық мектептердегі географиялық негізгі факторлар

Ғылыми географиялық мектептердегі географиялық фактор		
Көрнекті өкілдер мен кезеңдер	Негізгі идея	Әдіснамалық маңызы
Антик дәуір (б.з.д. V-I ғғ.)		
Аристотель (б.з.д. 384-322), Полибий (б.з.д. 200-120), Посидоний (б.з.д. 135-51), Страбон (б.з.д. 64/63-23/24), Гиппократ (б.з.д. 460-370), Витрувий (б.з.д. I ғ.)	Климат пен табиғи жағдайлардың халықтың дене бітімі, әдет-ғұрпы, шаруашылығы және саяси формаларына ықпалы (табиғи орта - қоғам ерекшелігі)	Факторлық түсіндірудің бастапқы логикасын береді: табиғи шарттарды көрсеткішке (климат, су, жер) айналдыруға және себеп-салдар байланысын құруға негіз
Орта ғасыр		
Ибн Халдун (1332-1406)	Халықтар мен тайпалардың табиғаты мен әдет-ғұрпындағы айырмашылықтарды табиғи және климаттық жағдайлардың ықпалымен түсіндіру	Табиғи ортаны әлеуметтік құбылыстармен байланыстыру тәжірибесі: қазіргі жүйелік үлгіде табиғи және әлеуметтік-экономикалық блоктарды байланыстыруға әдіснамалық негіз
XVI ғасыр		
Жан Боден (1530-1596), «Мемлекет туралы алты кітап»	Географиялық факторды мемлекет пен басқару мәселесіне енгізу (орта мемлекеттік құрылым)	Институционалдық өлшемдерді (жер пайдалану, жоспарлау, мемлекеттік қолдау) факторлық талдауға қосудың логикасын қалыптастырады
XVIII ғасырдағы көзқарастардың дамуы		
Ж.Ж. Руссо (1712-1778), А.Р. Тюрго (1727-1781), Ш. Монтескье (1689-1755), «Заңдар рухы туралы»	Табиғат - өркениет қатынасы; әлеуметтік ұйымның шаруашылық тәсілдермен шартталуы; географиялық және әлеуметтік-саяси факторлардың байланысы (детерминизм элементтері)	Факторларды көпқырлы түсіндіруді күшейтеді: табиғи + шаруашылық + саясат. Бұл қазіргі «блоктарға бөлу» және көрсеткіштерді жүйелеу қағидасына негіз
XIX ғасырдың бірінші жартысындағы көзқарастардың дамуы		
Карл Риттер (1779-1859), «Жер туралы ғылым»; Виктор Кузен (1792-1867)	География мен тарих байланысы; елдің тарихтағы рөлін географиялық ерекшеліктерімен байланыстыру	Аймақтарды салыстыру мен зоналауға негіз: аумақтарды «қолайлы, шектеулі» зоналарға бөлу логикасын қалыптастырады
XIX ғасырдың екінші жартысындағы көзқарастардың дамуы		
Генри Бокль (1821-1862)	Географиялық факторды қоғам құрылымы, дін, мораль сияқты өлшемдермен байланыстырып түсіндіру; детерминизм идеяларын дамыту	Әлеуметтік-мәдени айнымалыларды енгізу тәжірибесі: қолданбалы зерттеуде әлеуметтік блок көрсеткіштерін (еңбек, тұтыну, кооперация) таңдауға негіз

XIX ғ.Марксистік мектеп		
Г.В. Плеханов (1856-1918), «Тарихқа монистік көзқарасты дамыту мәселесіне»	Географиялық факторды мемлекет тағдыры мен қоғамдық дамудағы шарттардың бірі ретінде түсіндіру	«Бір ғана себеп» емес, шарттардың жиынтығы идеясы: факторларды жүйе ретінде өлшеу және салмақталған индикаторлармен бағалауға негіз
XX ғасырдың басындағы зерттеу бағытының өзгеруі		
Герберт Спенсер (1820-1903), Фридрих Ратцель (1844-1904)	Ғылымдар тоғысы, тәсілдердің жаңаруы; географиялық фактордың қоғам дамуына ықпалын әртүрлі пәндермен бірге түсіндіру	Кеңістіктік талдау мен жүйелік синтездің (картографиялау, модельдеу) қажеттілігін әдіснамалық тұрғыда ақтайды
Қазіргі зерттеулер (XX-XXI ғасырдың басы)		
Арнольд Тойнби (1889-1975), «Тарихты түсіну»; Карл Витфогель (1896-1988), «Шығыс деспотизмі» (1957)	Өркениеттер теориясы; географиялық жағдайлардың (әсіресе су ресурстарының) саяси құрылымдар мен басқаруға ықпалын сипаттау	Табиғи ресурс (су) мен институт байланысын көрсетеді: су ресурсы, ирригация және басқару индикаторларын әдістемелік модельге енгізуге негіз

Ескерту - Әдебиеттер негізінде авторлар құрастырған (Hippocrates, 1994; Montesquieu, 2011; Mukitanov, 1985)

Жоғарыда берілген 1-кестеде географиялық фактор туралы көзқарастардың дамуы үш ірі үрдіс арқылы байқалады. Бірінші кезеңде (антик-орта ғасыр) табиғи ортаның, әсіресе климаттың қоғам өміріне әсері бастапқы себептік байланыс ретінде түсіндірілді: табиғи жағдай → халық ерекшелігі → шаруашылық және басқару формалары. Екінші кезеңде (XVI–XIX ғғ.) географиялық фактордың мазмұны кеңейіп, табиғи шарттар мемлекет құрылысы, қоғамдық ұйым, өркениеттік даму сияқты ірі категориялармен байланыстырылды, осы арқылы географиялық орта бір ғана «табиғи фон» емес, қоғам дамуын түсіндіретін көпқырлы шарттар жиынтығы ретінде қарастырыла бастады. Үшінші кезеңде (XX ғ. басынан бүгінге дейін) ғылымдар тоғысы күшейіп, географиялық факторды талдауда әлеуметтік-экономикалық және институционалдық өлшемдермен бірге қарастыру қажеттігі айқындалды.

Осы тарихи эволюция қазіргі қолданбалы зерттеулер үшін маңызды әдіснамалық қорытынды береді. Географиялық факторды «бір себеп» ретінде емес, көпдеңгейлі жүйе ретінде ұғыну қажет. Сондықтан азық-түлік белдеуін зерттеу барысында географиялық алғышарттарды жүйелеу (табиғи-агроэкологиялық, әлеуметтік-экономикалық, кеңістіктік-логистикалық, институционалдық блоктар), әр блокты өлшенетін көрсеткіштермен сипаттау және нәтижені кеңістіктік шешімге айналдыру (картографиялау, зоналау, басымдық аймақтарды белгілеу) негізгі әдіснамалық талапқа айналады.

Осы тұрғыдан алғанда, «факторлар – деңгейлер – көрсеткіштер – нәтиже» қағидасы тарихи теориялық ұстанымдарды қолданбалы бағалау тіліне көшіреді, факторлар жүйесі нақты индикаторлар арқылы өлшенеді, деңгейлер бойынша (жергілікті-аудандық-аймақтық) салыстырылады, ал интегралды нәтиже кеңістіктік жоспарлау мен басқару шешімдерін негіздеуге қызмет етеді. Демек, кестеде берілген идеялар эволюциясы азық-түлік белдеуін бағалаудың қазіргі әдіснамалық үлгісін негіздейтін теориялық іргетас ретінде қарастырылады.

Бұл бөлімде мақала аясында алынған негізгі теориялық және әдіснамалық нәтижелер беріледі: географиялық фактор ұғымының эволюциясы, оны көпфакторлы жүйе ретінде түсіндіру логикасы және азық-түлік белдеуін бағалауға бейімделген тұжырымдамалық-әдіснамалық негіз.

3. Нәтижелер

Белгілі бір елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы табиғи факторларға тікелей тәуелді деген болжамға сүйенген дүниетанымдық тұжырымдама дәстүрлі түрде *географиялық*

детерминизм деп аталады. Табиғаттың ықпалына басымдық берген бұл бағыттың өкілдері Ш. Монтескье мен Д. Дидро халықтың табиғатын ең алдымен климаттық жағдай арқылы анықтауға болады деген пікірді ұсынды (Montesk'e, 1955).

Географиялық детерминизм идеялары қайта өрлеу дәуірінен бастап жаңа серпін алып XVI ғасырда Жан Боденнің еңбектерінде айқын көрініс тапты. Ол халықтардың ерекшеліктерін климаттық және өзге де географиялық жағдайлармен түсіндірумен қатар, осы факторлардың әртүрлі мемлекеттердің әлеуметтік-саяси құрылымының қалыптасуындағы рөлі жөнінде қорытындылар жасады. Кейінірек XVIII ғасырда Монтескье географиялық және әлеуметтік-саяси факторлардың байланысын жүйелі түрде талдап, бұл бағыттың теориялық негізін кеңейтті.

Қоғам мен қоршаған орта арасындағы байланыс мәселелері 1960-1970 жылдары ерекше өзектілікке ие болды. Осы кезеңде географиялық факторлардың қоғамға ықпалын түсіндіретін жаңа теориялық бағыттардың бірі ретінде *энвайронменталист* қалыптасып, батыс ғылыми мектептерінде дамыды.

Нәтижесінде қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттесуін зерттеуде географиялық фактордың рөлін жүйелі түрде бағалау және оны қазіргі әлеуметтік-географиялық үдерістермен байланыстыра талдау ғылыми тұрғыдан маңызды міндетке айналды (Anuchin, 1982).

Қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттесуін түсіндіретін біртұтас географиялық-детерминистік тұжырымдамалардың бірі XIX ғасырдың бірінші жартысында К. Риттердің еңбектерінде қалыптасты. Осы кезеңнен бастап географияда түрлі бағыттар мен ғылыми мектептер пайда болып, олардың едәуір бөлігі детерминистік ұстанымға сүйенді. Солардың ішіндегі ең ықпалды бағыттардың бірі – антропогеография, ол К. Риттердің идеяларымен сабақтасып, кейін Г. Спенсер мен әсіресе Ф. Ратцельдің еңбектерінде жүйеленді (Gladkii et al., 2021).

XX ғасырдың екінші жартысында Еуразиялық географиялық детерминизм мектебі қайта жанданды. Бұл үрдіс XIX – XX ғасырдың басындағы орыс географиялық мектебінің ғылыми мұрасы мен посткеңестік кезеңдегі орыс әлеуметтік ойында қалыптасқан географиялық детерминизм бағыттарының идеялық сабақтастығымен тығыз байланысты болды (Abdurazakov, 2011).

Осы тұрғыдан Ресейдің белгілі географы В.А. Анучин өз зерттеулерінде табиғи жағдайлар мен техносфераның адамзат қоғамына тікелей ықпалын *географиялық фактор* ретінде сипаттайды. Сондай-ақ, И. Мечников қоғамның дамуында су кеңістігі әрқашан шешуші фактор болғаны туралы пікір айтты (Mechnikov, 1995).

4. Талдау

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қалыптасқан ресейлік ғылыми-географиялық мектептердің көзқарастары географиялық фактор мен географиялық алғышарттар ұғымдарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл кезеңде аталған ұғымдардың дамуына үлес қосқан көптеген ғалымдардың еңбектері төмендегі кестеде жүйеленіп берілген.

Кесте 2. Ресейлік ғылыми мектептердің көрнекті өкілдерінің географиялық факторларға көзқарастары

Көрнекті зерттеген ғалымдар	Ғылымға қосқан үлесі	Географиялық факторға көзқарас
П. П. Семенов Тян-Шанский географиялық мектебі		

П.П. Семенов Тян-Шанский, Н.М. Пржевальский, С.В. Обручев, И.В. Мушкетов, А.П. Федченко, П.А. Кропоткин, Н.Н. Миклухо-Маклай, И.Д. Черский	Ресейдің кешенді географиялық зерттеуінің негізін қалады	Антропоцентризм идеялары және табиғаттағы заңдылықтардың байланысы
Анучин университетінің мектебі (1884 ж.)		
А.С. Барков, Л.С. Берг, В.В. Богданов, М.С. Боднарский, А.А. Борзов, С.Г. Григорьев, А.Н. Джавахишвили, Б.П. Дитмар, Б.Ф. Добрынин, А.А. Ивановский, П.Г. Игнатов, А.А. Крубер, И.М. Крашенинников	Ландшафттарды, елтану мен физикалық географияны зерттеуге кешенді көзқарасты дамытқан	Географиялық фактордың әсері табиғи және қоғамдық элементтерде, қоғамдық және табиғи заңдардың өзара әрекеті
Докучаев географиялық мектебі (XIX ғ.аяғы)		
А.Н. Краснов, Г.И. Танфильев, Н.М. Сибирцев, К.Д. Глинка, В.И. Вернадский, Г.Ф. Морозов, Г.Н. Высоцкий, Л.С. Берг *топырақтанушы-географтар* Б.Б. Полынов, С.С. Неуструев	Мектеп топырақтың тәуелсіз биокосты дене екенін дәлелдеді, топырақтың зоналылық заңдылықтарын орнатты және физикалық география, геоботаника және геоморфология негіздерін қалыптастырды	Қоғам табиғаттың материалдық әлемінің бөлігі ретінде, оның компоненттері мен адам арасындағы байланыстарды бөлектеу
Кеңестік экономикалық аудандастыру мектебін құрушылар (1920-1930 жж)		
И.Г. Александров, Н.Н. Баранский, Н.Н. Колосовский	Экономикалық географияның негізгі әдістемелік мәселелерін зерттеумен айналысты	Н.Н. Баранский, Н.Н.Колосовский географиялық фатализмнің рөлі, тағдыры асыра айтылған жағдайда жағымсыз құбылыс бар деп тұжырымдады елдер көп жағдайда табиғи жағдайларға тәуелді болмауы мүмкін деген көзқарас танытты
Берг-Борзов физикалық-географиялық мектебі		
Я.А. Солнцев, С.В. Калесник, Д.Л. Арманд	Кеңестік физикалық географияның ландшафтық бағытын дамытты	Ландшафттардың объективі арқылы табиғаттың көптеген компоненттерін географиялық тұрғыдан қарастырумен және табиғаттың белгілі бір компоненттерінің тарихы мен географиясының заңдылықтары аясында ландшафттарды зерттеумен сипатталады.
Ескерту - (Anuchin, 1982; Baransky, 1980; Kolosovsky, 1958; Saipov et al., 2016; Kolosovsky, 2006; Kuzyakov, 2019)		

Кестеде Ресей және Кеңес дәуіріндегі ғылыми-географиялық мектептердің «географиялық фактор» ұғымын түсіндіру эволюциясы жинақталып берілген. П. П. Семенов Тян-Шанский мектебі экспедициялық-елтанулық және кешенді зерттеу дәстүрін қалыптастырып, табиғат заңдылықтарын адам қоғамымен байланыстыра қарастыруға негіз қалады. Анучин университеті мектебі географиялық факторды табиғи және қоғамдық элементтердің өзара әрекеті ретінде түсіндіріп, физикалық география мен елтануда интегративті ұстанымды күшейтті. Докучаев мектебі топырақтың дербес табиғи дене екендігін және зоналылық заңдылықтарын дәлелдеу арқылы табиғи-ғылыми іргетасты нығайтып, қоғамды табиғи жүйенің құрамдас бөлігі ретінде қарастыру тәсілін бекітті. Ал

кеңестік экономикалық аудандастыру мектебінде (И.Г. Александров, Н.Н. Баранский, Н.Н. Колосовский) географиялық фатализм сынға алынып, елдердің дамуы тек табиғи жағдайларға тәуелді емес, әлеуметтік-экономикалық ұйымдасу мен басқарудың рөлі жоғары екені айқындалды. Берг-Борзов физикалық-географиялық мектебі ландшафтық бағытты дамытып, географиялық факторды табиғат компоненттерінің кеңістіктік-тарихи заңдылықтарын кешенді талдау арқылы түсіндіруге ұмтылды. Жалпы алғанда, кесте географиялық факторды біржақты детерминистік түсіндіруден жүйелік өзара байланыс пен көпфакторлы талдау қағидатына қарай ауысқан ғылыми үрдісті көрсетеді.

XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың басында *географиялық детерминизм* кең таралып, ғылыми дискурста жоғары ықпалға ие болды. Бұл бағытқа әртүрлі деңгейде үлес қосқан зерттеушілер қатарына Ж.Ж. Элиза Реклу, Карл Риттер, Генри Томас Бокл, Эллсворт Хантингтон, А.П. Паршев және т.б. ғалымдарды атауға болады.

XX ғасырдың басында экономикалық географтар географиялық деректердің алуан түрлілігін жинақтап, жүйелеудің бірыңғай әдістемелік тәсілдерін іздестіруге айтарлықтай күш салды. Осы ізденістер кеңестік экономикалық-әлеуметтік география аясында Н.Н. Баранский мен Н.Н. Колосовский еңбектерінде нақтыланып, экономикалық аудандастыру теориясының қалыптасуына негіз болды (Tikhomirov, 2023).

Н.Н. Баранскийдің көптеген еңбектерінде адамзат қоғамының табиғатқа ықпалы, табиғи ортаның «қоршаған ортаға» айналу үдерісі, сондай-ақ географиялық ортаның қоғам дамуына кері әсер ету тетіктері талданады.

XX ғасырдың екінші жартысында география ғылымдарының философиялық және әдіснамалық мәселелерін дамытуға бағытталған зерттеулер күшейді. Бұл кезеңде В.А. Анучин, И.П. Герасимов, Ю.Г. Саушкин, В.Б. Сочава, П. Хаггет, Д. Харвей және басқа ғалымдардың еңбектері географиялық теорияның нысаны мен пәнін нақтылауға, кеңістіктік талдау мен жүйелік синтез тәсілдерін дамытуға ықпал етті.

Соңғы жылдары экономикалық, әлеуметтік, мәдени және саяси үдерістерді өзін-өзі ұйымдастыру тетіктері тұрғысынан географиялық кеңістік факторының рөлі жиі талқылануда. Қоғамның дамуындағы географиялық фактордың рөлі туралы көзқарастардың өзгеруі практикалық әрі теориялық мәнге ие, өйткені бұл рөлді түсіну қоғам мен табиғи орта арасындағы қатынастардың заманауи идеологиясын қалыптастыруға және қоғам-табиғи орта жүйесіндегі басымдықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар табиғи жағдайлар, ресурстарға қолжетімділік, көлік-кеңістіктік орналасу және саяси-әлеуметтік институттар сияқты географиялық алғышарттар мемлекеттер мен өркениеттердің экономикалық дамуына, саяси шешімдеріне және әлеуметтік өзгерістеріне елеулі ықпал етеді (Rahman et al., 2015). Географиялық факторлардың ықпалы артқан сайын, олардың қоғамдық жүйедегі орны, әсіресе өндіргіш күштер құрылымындағы үлесі күшейеді (Czuczor et al., 2023).

География ғылымдары аясында географиялық фактордың мемлекеттердің тарихы мен саясатына ықпал ету дәрежесін түсіндіруге бағытталған ой ағымы қалыптаса бастады. Мемлекеттер мен халықтардың тарихи дамуына географиялық жағдайлардың әсерін талдаған Ш.Л. де Монтескьенің еңбектерінен бастау алған географиялық детерминизм кейінірек сыртқы саясат саласында да қолданылып, геосаяси пайымдаулардың теориялық негізіне айналды. Географиялық факторды саяси талдауға енгізу сыртқы саяси стратегияны негіздеуге және айқындауға, сондай-ақ жаһандық саяси үдерістерді түсіндіруге бағытталған геосаяси теориялар мен үлгілердің қалыптасуына ықпал етті (Artamoshin et al., 2024).

Географиялық ортаның қоғам дамуына ықпалын талдауда неміс ғылыми дәстүрінің орны ерекше болды. Неміс географы Фридрих Ратцель елдің тарихы мен мәдениетін түсіндіру үшін алдымен оның географиялық орналасуы мен кеңістіктік жағдайларын зерттеу қажеттігін атап көрсетіп, мәдени байланыстарды да географиялық орта арқылы пайымдауға болады деген идеяны алға тартты.

Жалпы геосаяси ойдың дамуына Хэлфорд Макиндер елеулі үлес қосты, ол әлемдік кеңістікті тұтас жүйе ретінде қарастырып, жаһандық деңгейдегі геосаяси сценарий ұсынды.

XX ғасырдың 1960-жылдарынан бастап географияда жүйелік тәсіл қалыптаса бастады, ол табиғи және қоғамдық құбылыстарды өзара байланысқан жүйе ретінде түсіндіруге мүмкіндік беріп, «жер туралы ғылымдардың» синтезіне ықпал етті. Осы бағыттағы теориялық-әдіснамалық ізденістер батыс географиясында да дамып, кеңістіктік талдаудың жаңа құралдарын күшейтті (мысалы, кеңістіктік үлгілер, аймақтық жүйелер, желілер және т.б.).

Ауыл шаруашылығы өндірісін зерттеуде саланың мамандануы мен орналасуы көбіне кеңістіктік (географиялық) факторлармен айқындалады: табиғи жағдайлар, су мен жер ресурстарына қолжетімділік, ірі тұтыну нарықтарына (қалаларға) жақындық және инфрақұрылымның даму деңгейі. Осыған байланысты өндіргіш күштердің ауыл шаруашылығында оңтайлы орналасуын талдауда кеңістіктік-аумақтық тәсілдің мүмкіндіктері жоғары. Бұл бағытта «кеңістіктік аграрлық экономика» желісі қалыптасып, оның классикалық негіздерінің бірі Иоганн Генрих фон Тюнен ұсынған аграрлық орналасу үлгісімен (1826) байланыстырылады, кейін бұл ойлар Вильгельм Лаунхардт және Альфред Вебер еңбектерінде орналастыру теориялары деңгейінде дамытылды (Thünen, 1826). Й. Фон Тюненнің көпжылдық практикалық бақылауларға сүйене отырып, шартты орталыққа қатысты ауыл шаруашылығы өндірістерінің аумақтық орналасу ерекшеліктерін сипаттайтын бірқатар қағидаларды тұжырымдады, бұл үлгіде аталған орталық аймақтың негізгі қаласы (нарық орталығы) ретінде қабылданады (Poljan, 2001).

Й. Фон Тюнен үлгісінде қала (нарық орталығы) айналасындағы жер ресурстарын пайдалану және ауыл шаруашылығы өндірістерінің кеңістіктік орналасуы жүйелі түрде модельденеді. Бұл кеңістіктік орналастыру логикасы кейін А. Маршалл еңбектеріндегі агломерациялық түсініктермен толықтырылды: ол өндіріс ауқымынан туындайтын сыртқы үнемнің (сыртқы тиімділіктің) қалалық шоғырланудың өсуін жеделдететін негізгі қозғаушы фактор екенін көрсетеді (Marshall, 1919). Сонымен қатар Дж. В. Хендерсон қалаларды өзара байланысқан қалалар жүйесі ретінде қарастырып, қала өлшемдері мен мамандану типтерін экономиканың кеңістіктік ұйымдасуымен байланыстырады (Henderson, 1974). Аталған теориялық негіздер азық-түлік белдеуін бағалауда «нарыққа жақындық–тасымал шығыны–инфрақұрылым–агломерациялық тиімділік» байланысын көрсеткіштер арқылы өлшеуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік-экономикалық географиядағы зерттеулер ішінде аймақтардың экономикасы мен әлеуметтік саласының даму заңдылықтарын түсіндіруге арналған еңбектер ерекше орын алады. Әлеуметтік және экономикалық үдерістерге біртұтас тұжырымдамалық ұстанымды айқындау аймақтық даму мәселелерін шешуге бағытталған географиялық зерттеулерде арнайы әдіснаманы қолдануды талап етеді. Әлеуметтік-экономикалық география саласындағы зерттеулердің ішінде аймақтардың экономикасы мен әлеуметтік саласының даму заңдылықтарын түсіндіруге арналған еңбектер ерекше орын алады (Kuznetsova, 2014).


Зерттеу барысында әлеуметтік-экономикалық дамуды түсіндіретін теориялық-әдіснамалық еңбектерді шартты түрде үш топқа бөліп қарастыруға болады:

Бірінші топқа аймақтық өсу теорияларын және аймақтық дамудың жалпы модельдерін құруға бағытталған іргелі теориялық зерттеулер жатады. Бұл қатарға орталық–перифериялық қатынастар, кумулятивті өсу және полюстік даму тұжырымдамаларына арналған еңбектерді енгізуге болады. Аталған бағыттардың қалыптасуына Жан-Рене Будвиль, Гуннар Мюрдал, Франсуа Перру, Пьер Потье, Джон Фридман және басқа ғалымдар елеулі үлес қосты.

Екінші топқа әлеуметтік-экономикалық география аясында өңірлердің даму факторларын нақты кеңістіктік және институционалдық параметрлер арқылы талдайтын зерттеулер жатады. Бұл бағытта Н.В. Зубаревич өңірлік дамуды түсіндіретін факторларды кеңірек пайымдап, оларды үш ірі өлшем арқылы сипаттайды: *density* - халық пен экономикалық белсенділіктің кеңістіктік шоғырлануы және ауқым (масштаб) әсері; distance - географиялық орналасу мен инфрақұрылым сапасына тәуелді «экономикалық қашықтық» (нарыққа қолжетімділік, тасымал шығыны, уақыт); *division* - кең мағынадағы

институционалдық кедергілер (әкімшілік шекаралар, реттеу, нарықтың бөлшектенуі, келісім немесе кооперациядағы шектеулер) (Zubarevich, 2010).

Сонымен қатар кеңістіктік дамуды бағалауда факторларды маңыздылығы және оларға ықпал ету мүмкіндігі тұрғысынан жіктеу өзекті. Географиялық факторлардың «қайсысы базалық, қайсысы туынды» екенін жүйелеу үшін Абрахам Маслоу ұсынған «қажеттіліктер иерархиясы» үлгісін сараптамалық аналогия ретінде пайдалануға болады. Бұл тәсілде факторлар төменнен жоғары қарай шектеуші базалық жағдайлардан (табиғи-климаттық алғышарттар, су және жер ресурстары), одан кейін кеңістіктік ұйымдасу (қоныстану жүйесі), инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу, экономиканың құрылымы мен даму деңгейі, сондай-ақ институционалдық және субъективті факторларға дейін төмендегі 1-суретте сатыланып қарастырылады (Kuznetsova, 2013).



Сурет 1. Ауыл шаруашылығының мамандану және орналастыру факторлары мен жүйесі көрсеткіштері


Ұғымдарды қолданудың әдіснамалық негізі ретінде сызбада көрсетілген «факторлар – деңгейлер – көрсеткіштер – нәтиже» логикасы алынады. Мұнда факторлар (табиғи, экономикалық, институционалдық, инновациялық, әлеуметтік, инвестициялық) агроөнеркәсіп кешенінің (АӨК) мамандануы мен орналастырылуын айқындайтын алғышарттар жүйесі ретінде қарастырылады. Талдау көпдеңгейлі форматта жүргізіледі: облыс, ауыл шаруашылығы аймағы, әкімшілік аудан және кәсіпорын деңгейлерінде әр деңгейге тән көрсеткіштер іріктеліп, олар арқылы аумақтық айырмашылықтар мен ішкі құрылымдық ерекшеліктер бағаланады. Бұл көпдеңгейлі құрылым нәтижені «төменнен жоғары» (кәсіпорын → аудан → аймақ → облыс) жинақтау және «жоғарыдан төмен» (аймақтық саясат немесе нарық → инфрақұрылым → кәсіпорындық шешім) ықпал ету арналары арқылы түсіндіруге мүмкіндік береді.

Әдіснамада көрсеткіштер жүйесі тек «өндіріс көлемі» индикаторымен шектелмей, оны нарыққа кірігу, тауарлылық, өндірістің шоғырлануы, өңдеу және сақтау қуаты, көлік-

логистикалық байланыс, сондай-ақ әлеуметтік инфрақұрылым сияқты параметрлермен толықтыру қажеттігі негізделеді. Әртүрлі өлшем бірліктеріндегі деректерді салыстыру үшін көрсеткіштер нормаланады, факторлық блоктар бойынша салмақталып, көпкритерийлі бағалау арқылы интегралды индекстер есептеледі, осының нәтижесінде аймақтар мен деңгейлер бойынша салыстырмалы «күшті немесе әлсіз» аймақтарды айқындау және кеңістіктік басымдықтарды нақтылау мүмкін болады.

Түпкі қорытынды өлшем ретінде әлеуметтік-экономикалық нәтиже қарастырылады. Ол интегралды көрсеткіш ретінде операцияланып, (а) халықтың сапалы тағамға физикалық және экономикалық қолжетімділігі, (ә) баға мен жеткізудің тұрақтылығы, (б) логистикалық сенімділік (жеткізу уақыты, шығын, балама арналардың болуы), (в) жұмыспен қамту мен табыс өсімі, (г) өңірлік теңгерім және (д) өмір сапасының жақсаруы сияқты нәтижелер жиынтығымен сипатталады. Осы тұрғыдан азық-түлік белдеуінің функциясы қала халқын өніммен қамтамасыз етуімен ғана шектелмей, төтенше жағдайларда (табиғи-климаттық, макроэкономикалық, әлеуметтік және сыртқы экономикалық тәуекелдер) жеткізудің үздіксіздігін сақтайтын төзімділік қабатын қалыптастыру екені нақтыланады. Сондықтан мониторинг, шекті мәндерді белгілеу, қор қалыптастыру және логистикалық әртараптандыру сияқты механизмдерді қолданудың өзектілігі көрсетіледі.

Қазіргі таңда бірқатар географиялық зерттеулер кеңістіктік дамуды түсіндіруде экономист, эконом-географ Пол Кругман ұсынған тұжырымдамалық негіздерге сүйенеді (Krugman, 1991). Оның дәлелі ретінде 1990 жылдардың басында қалыптасқан «орталық-периферия» үлгісін және соның аясында кең танылған «Жаңа экономикалық география» бағытын атауға болады. Бұл тәсіл шеңберінде Пол Кругман сауда, кеңістіктік шоғырлану және әлеуметтік-экономикалық теңсіздік арасындағы өзара байланысты, сондай-ақ агломерациялық әсерлер мен көлік шығындарының рөлін талдауға басымдық береді. Толығырақ төмендегі сурет 2 – азық-түлік белдеуінің агроөндірістік құрылымы қарастырылған.



Сурет 2. Азық-түлік белдеуінің агроөндірістік құрылымы

2-суретте қала мен оған ықпал ететін кеңістік арасындағы байланыс «жақын - орта - алыс» аймақтар арқылы көрсетілген. Бұл жерде «қала маңы аймағы» мен «азық-түлік белдеуі» ұғымдарын тең мағынада қолдануға болмайды: қала маңы аймағы көбіне қалаға іргелес аумақты білдіреді, ал азық-түлік белдеуі қала сұранысын қамтамасыз ететін өндіріс, өңдеу, сақтау және жеткізу жүйелерін қамтитын кең функционалдық кеңістік болуы мүмкін. Сондықтан азық-түлік белдеуінің шекарасы әкімшілік қала маңымен шектелмей, кей жағдайда бірнеше аудан немесе облысаралық байланыстарды қамтиды. Ортасында «қала» – ядро, ал

сыртқа қарай Жақын аймақ → Орта аймақ → Алыс аймақ деп ықпал ету күші мен байланыс сипаты біртіндеп өзгереді.

1) *Жақын аймақ*

- Қалаға ең тығыз байланысқан белдеу: күнделікті қатынау, қызмет көрсету, логистика ең жоғары.

- Жер бағасы жоғары, сондықтан жерді пайдалану интенсивті: жылыжай, көкөніс, сүт өнімдерін жедел жеткізу, қойма-тоңазыту, өңдеу, көтерме тарату тораптары сияқты функциялар жиі орналасады.

- Азық-түлік белдеуі тұрғысынан бұл аймақ "жаңа және тез бұзылатын өнімдерді" (көкөніс, сүт, құс өнімдері) қалаға тез жеткізуге ең қолайлы.

2) *Орта аймақ*

- Қаламен байланыс тұрақты, бірақ жақын аймақтан әлсіздеу; апталық немесе мерзімді жеткізу жиірек.

- Жер пайдалану аралас: аграрлық өндіріс, өңдеу және сақтау, сондай-ақ тұрғын немесе өндірістік функциялар қатар жүруі мүмкін.

- Азық-түлік белдеуінде бұл аймақ көлемді өндіріс пен логистиканы (ірі шаруашылықтар, қойма, өңдеу, көлік тораптары) орналастыруға ыңғайлы.

3) *Алыс аймақ*

- Қаланың тікелей ықпалы төменірек, байланыс сирек немесе маусымдық болуы мүмкін.

- Негізінен экстенсивті ауыл шаруашылығы (астық, мал азығы, жайылым), табиғи ландшафт, кейде рекреация басым.

- Азық-түлік белдеуі үшін бұл аймақ көбіне шикізаттық база қызметін атқарады (ұзақ сақталатын өнімдер, мал азығы, т.б.).


Суреттегі негізгі "идея" қалаға жақындаған сайын: байланыс күшейеді, логистика жылдамдайды, өнім "жаңа және тез бұзылатын" жаққа ауысады, жерді пайдалану интенсивті болады. Сонымен қатар қалаға алыстаған сайын: өндіріс көлемі үлкен, бірақ жеткізу жиілігі төмен; шикізаттық немесе кең аумақты шаруашылық үлесі артады.

Төмендегі 3-суретте азық-түлік қауіпсіздігі жүйесінің негізгі ұғымдары, құрамдастары, тәуекелдері мен қамтамасыз ету тетіктері жинақталып берілді.

3-сурет зерттеудің түсініктемелік-терминологиялық аппаратын нақтылайды. Азық-түлік қауіпсіздігі халықтың физиологиялық нормаларға сәйкес сапалы тағамға тұрақты физикалық және экономикалық қолжетімділігімен сипатталса, азық-түлік тәуелсіздігі сыртқы жеткізілім тоқтаған жағдайда да негізгі өнімдер бойынша ішкі қажеттілікті қамтамасыз ету қабілетін білдіреді.

Осы ұғымдар азық-түлік белдеуін зерттеу үшін базалық негіз қалыптастырады: объектілер мен субъектілер басқару жүйесінің қатысушыларын, критерийлер мен көрсеткіштер бағалау өлшемдерін, шекті мәндер қауіп деңгейін, ал тәуекелдер мен қатерлер жүйенің тұрақтылығына әсер ететін сыртқы және ішкі шектеулерді көрсетеді.

Жұмыстың негізгі нәтижелерінің бірі зерттеудің тұжырымдамалық рамкасы ретінде алынған «факторлар – деңгейлер - көрсеткіштер - нәтиже» қағидасының ғылыми-тәжірибелік тиімділігін көрсету. Табиғи, экономикалық, институционалдық, инновациялық, әлеуметтік және инвестициялық факторлардың АӨК мамандануы мен орналасуын қалыптастыратыны дәлелденіп, талдаудың облыс-ауыл шаруашылығы аймағы-әкімшілік аудан-кәсіпорын деңгейлерінде жүргізілуі аумақтық айырмашылықтарды нақты ашуға мүмкіндік беретіні көрсетілді. Эмпирикалық бөлімде бұл тәсіл ресми статистика, әкімшілік деректер, кәсіпорындық ақпарат және кеңістіктік қабаттар негізінде іске асырылып, нәтижелер өзара тексеру және сезімталдық талдауы арқылы расталады.



Сурет 3. Азық-түлік қауіпсіздігі жүйесінің негізгі түсініктері мен құрамдас бөліктері

Ұсынылған тұжырымдамалық-әдіснамалық негіздің ғылыми жаңалығын нақтылау үшін оны қолданыстағы кеңістіктік және аймақтық даму тәсілдерімен салыстыру маңызды. Мұндай салыстыру модельдің тек теориялық шолу емес, азық-түлік белдеуін бағалауға бейімделген қолданбалы құрал ретінде ерекшелігін көрсетуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты ұсынылған әдіснамалық модельдің қолданыстағы тәсілдерден негізгі айырмашылықтары төмендегі 3-кестеде берілді.

Кесте 3. Ұсынылған әдіснамалық модельдің қолданыстағы тәсілдерден айырмашылығы

Салыстыру бағыты	Қолданыстағы тәсілдердегі басымдық	Ұсынылған модельдегі ерекшелік
Классикалық орналастыру теориялары	Нарыққа жақындық, тасымал шығыны және жер пайдалану логикасы басым қарастырылады.	Бұл логика азық-түлік қауіпсіздігі, инфрақұрылым, сақтау және институционалдық басқару көрсеткіштерімен толықтырылады.
Аймақтық даму факторлары	Зубаревич пен Кузнецова еңбектерінде тығыздық, қашықтық, институционалдық кедергілер және факторлар иерархиясы талданады.	Осы факторлар азық-түлік белдеуіне бейімделіп, өндіріс, өңдеу, сақтау, логистика және қолжетімділік нәтижелерімен байланыстырылды.

Теориялық және қолданбалы жаңалық	Бұрынғы зерттеулер көбіне жалпы өңірлік даму немесе ауыл шаруашылығын орналастыру мәселелеріне бағытталады.	Модель азық-түлік белдеуін бағалаудың дербес рамкасын ұсынады: табиғи-агроэкологиялық, әлеуметтік-экономикалық, кеңістіктік-логистикалық және институционалдық блоктар бөлек деңгей ретінде қарастырылады.

Ескерту - Ұсынылған әдіснамалық модель қолданыстағы теориялық және аймақтық даму тәсілдерін салыстырмалы талдау негізінде авторлар тарапынан құрастырылды (Thünen, 1826; Krugman, 1991; Zubarevich, 2010; Kuznetsova, 2013; Kuznetsova, 2014)

Кестеде көрсетілгендей, ұсынылған модельдің жаңалығы қолданыстағы теорияларды механикалық қайталауда емес, оларды азық-түлік белдеуінің нақты функцияларымен байланыстырып, бағалау бірлігін «фактор - көрсеткіш - кеңістіктік нәтиже» тізбегі арқылы құруында көрінеді.

5. Қорытынды

Осы зерттеуде азық-түлік белдеуін қалыптастыру мен бағалаудың әдіснамалық негізі ретінде «факторлар – деңгейлер – көрсеткіштер - нәтиже» логикасы ұсынылды. Зерттеу нәтижесінде азық-түлік белдеуі қала маңы ауыл шаруашылығының қарапайым кеңістіктік көрінісі емес, табиғи-агроэкологиялық ресурс базасын, өндірістік мамандануды, көлік-логистикалық қолжетімділікті, өңдеу-сақтау инфрақұрылымын және институционалдық басқаруды біріктіретін көпдеңгейлі жүйе екені негізделді.

Біріншіден, азық-түлік қауіпсіздігі, азық-түлік тәуелсіздігі, азық-түлік белдеуі және қала маңы аймағы ұғымдарының мазмұны нақты ажыратылды. Бұл ажырату зерттеу нысанының кеңістіктік шекарасын дұрыс белгілеуге мүмкіндік береді: азық-түлік белдеуі қалаға жақын аумақпен ғана шектелмей, қала сұранысын қамтамасыз ететін өндіріс, сақтау, өңдеу және жеткізу байланыстарының толық жүйесін қамтиды.

Екіншіден, географиялық алғышарттар табиғи-климаттық жағдайлармен ғана шектелмейтіні дәлелденді. Ұсынылған модельде табиғи-агроэкологиялық, әлеуметтік-экономикалық, кеңістіктік-логистикалық және институционалдық блоктар өзара байланысқан жүйе ретінде қарастырылады. Бұл тәсіл географиялық детерминизмнен көпфакторлы кеңістіктік талдауға өтудің әдіснамалық негізін көрсетеді.

Үшіншіден, көпдеңгейлі талдау қағидасы негізделді. Облыс, ауыл шаруашылығы аймағы, әкімшілік аудан және кәсіпорын деңгейлерін бір жүйеде қарастыру аумақтық айырмашылықтарды, өндірістік мамандануды, нарыққа қолжетімділікті және логистикалық шектеулерді салыстырмалы бағалауға мүмкіндік береді.

Төртіншіден, әдіснамалық модельдің түпкі нәтижесі әлеуметтік-экономикалық әсерлер арқылы түсіндірілді: халықтың сапалы азық-түлікке қолжетімділігі, баға мен жеткізудің тұрақтылығы, ауылдық аумақтардағы жұмыспен қамту, өңірлік теңгерім және логистикалық төзімділік азық-түлік белдеуін бағалаудың негізгі қорытынды өлшемдері ретінде айқындалды.

Бесіншіден, мақала нақты эмпирикалық есептеуді емес, оны жүргізуге арналған әдіснамалық негізді ұсынады. Сондықтан келесі кезеңде модельді Ақмола, Алматы немесе басқа агломерациялық өңірлер мысалында апробациялау, көрсеткіштерді шекті мәндер бойынша қалыпқа келтіру арқылы салыстыру, салмақтардың өзгеруіне сезімталдық талдау жүргізу және нәтижелерді картографиялық түрде көрсету қажет.

Негізгі терминдердің бірі – *азық-түлік қауіпсіздігі*. Ол халықтың физиологиялық нормаларға сәйкес сапалы тағам өнімдеріне физикалық және экономикалық қолжетімділігі тұрақты қамтамасыз етілетін жағдайды білдіреді. Осы ұғыммен мазмұндас әрі өзара байланысты категория – елдің азық-түлік тәуелсіздігі: бұл сыртқы жеткізілімдер шектелген жағдайда да елдің (өңірдің) өмірлік маңызы бар өнімдер бойынша ішкі қажеттілікті өтеу қабілеті. Азық-түлік қауіпсіздігі жүйелік сипатқа ие болғандықтан, оның объектілері ретінде

ұлттық және өңірлік деңгейдегі халық топтары мен үй шаруашылықтары, ал субъектілері ретінде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін мемлекеттік институттар, ұйымдар мен қызметтер қарастырылады. Қауіпсіздіктің негізгі құрамдастары – өндірістік әлеует (физикалық мүмкіндік), экономикалық қолжетімділік, тағамның сапасы мен қауіпсіздігі, тәуелсіздік және сенімді (үздіксіз) қолжетімділік. Бұл құрамдастарды бағалау үшін зерттеуде критерийлер, көрсеткіштер және шекті мәндер ұғымдары қолданылады: критерийлер – бағалау өлшемі, көрсеткіштер – өлшенетін индикаторлар жиыны, ал шекті мәндер – жүйенің қалыпты жұмыс істеуін бұзатын қауіп аймағын айқындайтын межелер. Сонымен қатар азық-түлік қауіпсіздігіне әсер ететін тәуекелдер (макроэкономикалық, табиғи-климаттық, әлеуметтік, сыртқы экономикалық) және нақты қатерлер (жеткізудің үзілуі, тапшылық, баға тұрақсыздығы, сапаның төмендеуі және т.б.) ажыратылады. Оларды басқару азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету механизмі арқылы іске асады, яғни мониторинг, реттеу, қор қалыптастыру, нарық теңгерімін қолдау және ұйымдастырушылық-құқықтық шаралар жүйесі ретінде түсіндіріледі.

Кеңістіктік тұрғыдан зерттеудің өзекті ұғымы – *азық-түлік белдеуі*. Бұл зерттеуде азық-түлік белдеуі деп қала агломерациясын азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етуге бағытталған, қала маңында орналасқан мамандандырылған ауыл шаруашылығы өндірісі, өңдеу, сақтау және жеткізу инфрақұрылымы шоғырланған аумақтық жүйе түсіндіріледі. Осы ұғымға жақын категория – қала маңы аймағы: ол ядро-қалаға географиялық жақын орналасып, онымен еңбек көші-қоны, нарық, қызмет көрсету және көлік ағындары арқылы тығыз функционалдық байланыста болатын кеңістік. Азық-түлік белдеуі ұғымын нақтылау үшін зерттеуде агроөнеркәсіптік кешен (АӨК) түсінігі де маңызды орын алады: АӨК – ауыл шаруашылығы өндірісі, өңдеу, сақтау, тасымалдау және өткізу буындарының өзара байланысқан жиынтығы. Демек, азық-түлік белдеуін талдау АӨК құрылымын кеңістікте ұйымдастырумен тікелей астасады.

Жүргізілген зерттеу урбандалу мен агломерациялық дамудың күшеюі жағдайында азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі тек өндірістік көлемді арттырумен шектелмейтінін дәлелдейді. Қазіргі жағдайда азық-түлік қауіпсіздігі мен қала маңы ауыл шаруашылығының тиімділігі, ең алдымен, өндірістің кеңістікте қалай ұйымдастырылғанына, көлік-логистикалық қолжетімділікке, сақтау-өңдеу инфрақұрылымына, институционалдық реттеуге және нарықтық байланыстардың тұрақтылығына тәуелді. Осы тұрғыдан алғанда, азық-түлік белдеуі ұғымы аграрлық өндірістің белгілі бір аумаққа шоғырлануы ғана емес, кеңістіктік, әлеуметтік-экономикалық және басқарушылық үдерістердің өзара байланысқан кешені ретінде қарастырылды.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық бөлігі қала маңы кеңістігін талдаудың ғылыми негіздерін жүйелеуге мүмкіндік берді. Кеңістіктік ұйымдастыру туралы классикалық тұжырымдамалар (И. Тюнен, В. Кристаллер, А. Лёш) азық-түлік белдеулерін қалыптастыруда нарыққа жақындық, көлік шығындары, жер ресурстарының сапасы мен агломерациялық артықшылықтар шешуші факторлар екенін айқындайды. Бұл теориялар қала маңы ауыл шаруашылығы өндірісінің құрылымы мен мамандануын түсіндіруде де маңызды: қалаға жақын аумақта тез бұзылатын әрі жиі жеткізуді қажет ететін өнімдер басым болуы заңды құбылыс. Сонымен бірге, өсу полюстері, инновацияның кеңістікке таралуы және аймақаралық еңбек бөлінісі теориялары азық-түлік белдеуін тек өндіріс аймағы емес, инновациялық-технологиялық жаңару, кластерлену және логистикалық тораптану орын алатын даму кеңістігі ретінде бағалауға негіз береді.

Астана агломерациясы контексінде азық-түлік белдеуін кеңістіктік тұрғыда "жақын–орта–алыс" аймақтарға бөліп қарастыру практикалық мәнге ие. Жақын аймақ, негізінен, күнделікті жеткізілетін тез бұзылатын өнімдерді (жылыжай көкөнісі, сүт, құс өнімдері т.б.) өндіру мен таратудың жоғары интенсивті белдеуі ретінде түсіндіріледі; орта аймақ – сақтау мен өңдеуге бағдарланған, жоспарлы жеткізілетін өнімдер мен көлемді өндіріс үшін қолайлы кеңістік; ал алыс аймақ – ұзақ сақталатын өнімдер мен шикізаттық базаны (астық, жемшөп,

жайылымдық бағыт) қамтамасыз ететін тұрақтылық белдеуі. Мұндай жіктеу азық-түлік белдеуін жобалауда өнім түрлерін, инфрақұрылым басымдықтарын және логистикалық шешімдерді кеңістікте дәл үйлестіруге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері азық-түлік белдеуін дамыту әлеуметтік-экономикалық нәтижелердің кең спектріне әсер ететінін көрсетті. Біріншіден, қала халқы үшін өнімге қолжетімділік пен баға тұрақтылығы артады, маусымаралық тәуелділік әлсірейді. Екіншіден, ауылдық аумақтарда жұмыспен қамту кеңейіп, кооперация мен кластерлену арқылы қосылған құн өседі. Үшіншіден, өңдеу, сақтау және тарату инфрақұрылымының дамуы өңірлік нарықтың ұйымдасуын жақсартып, логистикалық шығындарды қысқартуға ықпал етеді. Төртіншіден, қала маңы ауыл шаруашылығының экологиялық және кеңістіктік функциясы күшейеді: аграрлық ландшафттарды сақтау, "жасыл белдеу" элементтерімен үйлесім, ресурстарды тиімді пайдалану сияқты міндеттер өзекті болады. Демек, азық-түлік белдеуі қаланың азық-түлік саясатын өңірлік даму стратегиясымен ұштастыратын интеграциялық құрал ретінде қарастырылуы тиіс.

Сонымен қатар, зерттеу шеңберінде бірқатар әдіснамалық тұжырымдар айқындалды. Азық-түлік белдеуін бағалау үшін көрсеткіштер жүйесі міндетті түрде: (1) өндіріс пен мамандану, (2) өңдеу және сақтау қуаты, (3) көлік-логистика және жеткізу уақыты, (4) нарыққа қолжетімділік пен баға факторлары, (5) институционалдық қолдау, (6) тәуекелдер мен тұрақтылық индикаторларын қамтуы қажет. Бұл тәсіл азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі нақты "әлсіз буындарды" (мысалы, қойма тапшылығы, салқын тізбек үзілуі, тасымал құнының өсуі немесе нарық монополиясы) анықтауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, зерттеу азық-түлік белдеуін бағалаудың жүйелік және көпдеңгейлі әдіснамасын ұсынды: ол факторларды құрылымдап, көрсеткіштер арқылы өлшеп, интегралды нәтиже шығару арқылы кеңістіктік жоспарлау мен басқарудың практикалық міндеттерін шешуге мүмкіндік береді. Ұсынылған логика өңірлік азық-түлік қауіпсіздігін күшейтуге, өндіріс пен логистиканың тиімділігін арттыруға, әлеуметтік-экономикалық теңгерімді қамтамасыз етуге және тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған ғылыми негізделген шешімдер қабылдауға қызмет етеді.

Жалпы қорытынды ретінде, азық-түлік белдеуі – урбандалу жағдайында қаланы өніммен қамтамасыз етудің табиғи жалғасы ғана емес, кеңістіктік жоспарлау, экономикалық тұрақтылық, әлеуметтік әділеттілік және ұлттық азық-түлік қауіпсіздігі мақсаттарын біріктіретін көпдеңгейлі жүйе. Сондықтан болашақта азық-түлік белдеуін дамыту ғылыми тұрғыда негізделген кеңістіктік модельдеу, инновациялық агротехнологияларды енгізу, "қысқа жеткізу тізбектерін" күшейту және тәуекелдерге төзімді басқару механизмдерін іске асыру арқылы жүзеге асырылуы қажет.

6. Қосымша материалдар: қосымша материалдар жоқ.

7. Авторлық үлестер

Концептуализация, әдістемелерді әзірлеу, жетекшілік – Г.О.; әдістемені әзірлеу, бағдарламалық қамтамасыз ету және жоба жетекшілігі – А.С.; әдістемені әзірлеу, зерттеу материалдарымен қамтамасыз ету, жетекшілік – А.С.; әдістемені әзірлеу, зерттеу материалдарымен қамтамасыз ету, жетекшілік – Г.О.; мәтінді дайындау және өңдеу – А.С.; талдау жүргізу – А.Б., А.М.

8. Авторлар туралы ақпарат

Оспанова, Гульнара - PhD докторант, аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан көш., 13, Астана, Қазақстан, 010000; ospanova_14@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-4035-719X

Мылкайдаров, Алим - г.ғ.к., аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби көш., 71, Алматы, Қазақстан, 050040; mylkaydarov@mail.ru, https://orcid.org/0000-0001-8652-3133

Сансызбаева, Айгерим – PhD, доцент м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан көш., 13, Астана, Қазақстан, 010000; sansyzbayeva.ab@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-0695-3406

9. Қаржыландыру: Бұл зерттеу сыртқы қаржыландыруды алған жоқ.

10. Алғыстар: жоқ.

11. Мүдделер қақтығысы: Мүдделер қақтығысы жоқ деп мәлімдейміз

12. Әдебиеттер тізімі

1. Zaitsev, V. M. (2019). *Introduction to socio-economic geography* (Vvedenie v social'no-ekonomicheskuyu geografiyu in Russian). Minsk: BSU, pp. 139-141. https://elib.bsu.by/handle/123456789/243369
2. Nisbett, R. (2004). The geography of thought how asians and westerners think differently and why. *Brock Education Journal*, 13(2), 658-669. https:// doi.org/10.26522/brocked.v13i2.52
3. Diamond, J. (1999). *Guns, germs, and steel: the fates of human societies*. *New York:* W. W. Norton, 480 p. https://www.jstor.org/stable/27503687
4. Hippocrates (1994). *About air, waters and localities* (O vozduhe, vodah i naselennyh punktah in Russian). M.: Svarog. pp, 275-306.
5. Montesquieu, S. (2011). *About the spirit of the laws* (O duhe zakonov in Russian). Moscow: Direct-Media, 323 p.
6. Mukitanov, N. K. (1985). *From Strabo to the present day*. The evolution of geographical concepts and ideas (Ot Strabona do nashih dnej in Russian). M.: Thought, p. 237.
7. Anuchin, V. A. (1982). *Geographical factor in the development of society* (Geograficheskij faktor v razvitii obshchestva in Russian). M.: Mysl, 334 p.
8. Baransky, N. N. (1980). *Geographical and economic sites* (Geograficheskie i ekonomicheskie obekty in Russian). https://rusneb.ru/catalog/002744_000053
9. Gladkiy, Yu. N., & Lopatnikov, D. L. (2021). Geographical non-determinism of post-industrial society (Geograficheskij nedeterminizm postindustrial'nogo obshchestva in Russian) *Environment Development*, 4, 71-75. https:// doi.org/10.53115/19975996_2021_04_068-078
10. Abdurazakov, R. A. (2011). Geographical determinism and the geographical school in historical science in Russia at the present stage (Geograficheskij determinism i geograficheskaya shkola in Russian). *Bulletin of Dagestan State University*, 4, 38-44.
11. Mechnikov, L. I. (1995). *Civilization and great historical rivers* (Civilizaciya i velikie istoricheskie reki in Russian). M., 67 p. https://www.vir.nw.ru/wp-content
12. Anuchin, V. A. (1982). *Geographical factor in the development of society* (Geograficheskij faktor v razvitii obshchestva in Russian). Moscow: Mysl Publ, 433 p. https://www.klex.ru/1uly
13. Saipov, A. A., & Mikhalev, R. K. (2016). The system of factors of social and economic development of the country in the process of teaching geography of Kazakhstan according to curricula with updated content (Sistema faktorov social'nogo i ekonomicheskogo razvitiya strany v processe obucheniya geografii in Russian). *Collection of materials of the III International Scientific and practical conference – innovations in education: searches and solutions*, 3, 240-242.
14. Kolosovsky, N. N. (2006). *Selected works* (Izbrannye trudy in Russian). Smolensk Oikumena Publ., 336-338.
15. Kuzyakov, Ya., & Zamanian, K. (2019). Reviews and syntheses: Ag ropedogenesis – humankind as the sixth soil-forming factor and attractors of agricultural soil degradation.

(Pochvoobrazuyushchij faktor i faktory, privlekayushchie sel'skohozyajstvennuyu degradaciyu pochv in Russian). *Biogeosciences*, 16(24), 4783–4803.
16. Tikhomirov, E. A. (2023). Economic geography (Ekonomicheskaya geografiya in Russian), *Scientific Technologies*, *Moscow*, 123-125. https://mf.bmstu.ru/assets/info/faculty/kf/caf/k4/books/
17. Rahman, M., & Nigar, N. (2015). GIS based Integrated approach to measure the spatial equity of community facilities of bangladesh. *AIMS Geosci*, 8, 67-84. https://doi.org/10.3934/geosci.2015.1.21
18. Czuczor, K., Kozma, G., & Radics, Z. (2023). The territorial tourism development strategies and implemented cross border cooperation projects in Bihor County. An assessment of the 2007-2013 and 2014-2020 programming periods and exploitation of the EU funds from the point of view of tourism. *Geojournal of Tourism and Geosites*, 48(2spl), 798–809. https://doi.org/10.30892/gtg.482spl14-1080
19. Artamoshin, S. V., Sagimbaev, A. V., & Fedin, A. V. (2024). Halford Mackinder and the geographical design of politics in the early twentieth century (Helford Makkinder i geograficheskoe oformlenie politiki v nachale in Russian), *Bulletin of the Bryansk State University*, 3, 7-8. https:// doi.org/10.22281/2413-9912-2024-08-03-07-12
20. Thünen, J. H. Von. (1826). *Der Isolierte Staat in Beziehung auf Landwirtschaft und Nationalokonomie*. Hamburg: Perthes. https://archive.org/details/derisoliertestaa00thuoft
21. Poljan, P. (2001). *Dvadcatoe stoletie: putem demograficheskih katastrof. Gorod i derevnja v evropejskoj Rossii: Sto let peremen*. Red.-sost.: Nefedova T. i dr. M.: O.G.I.
22. Marshall, A. (1993). *Principles of economic science* (Principy ekonomicheskoj nauki in Russian). In 3 volumes. Moscow: Progress.
23. Kuznetsova, O. V. (2014). Typology of factors of socio-economic development of Russian regions (Tipologiya faktorov social'no-ekonomicheskogo razvitiya regionov Rossii in Russian). *Bulletin of the Moscow University*. *Series 5. Geography*, 2, 3-8.
24. Zubarevich, N. V. (2010). Regional development and institutions: Russian specifics (Regional'noe razvitie i instituty in Russian). *Regional studies*, 2, 3-14.
25. Kuznetsova, O. V. (2013). Pyramid of factors of socio–economic development of regions (Piramida faktorov social'no-ekonomicheskogo razvitiya regionov in Russian). *Economic issue*, 2, 121-131. https://doi.org/10.32609/0042-8736-2013-2-121-131
26. Krugman, P. R. (1991). *Geography and Trade*. Cambridge: MIT Press. https://doi.org/10.1604/9780262111591

Methodological foundations of the system of geographical prerequisites in the study of the food belt

Gulnara Ospanova, Alim Mylkaydarov, Aigerim Sansyzbayeva

Abstract: The article examines the system of geographical factors and geographical prerequisites as a theoretical and methodological basis for the study of the food belt. The relevance of the study is determined by the need to ensure food security in the vicinity of large urban agglomerations, maintain the stability of product supply and effectively organize spatial and economic relations between the city and the village. The evolution of scientific approaches from geographical determinism to modern systemic and multifactorial approaches to analysis is summarized and their Applied Value in the assessment of the food belt is revealed. The research methodology was based on the approaches of comparative historical analysis, theoretical accumulation, systematization and multilevel factor analysis. As the main result of the work, the principle of "factors-levels-indicators-result" was proposed, combining natural – agroecological, socio – economic, spatial – logistics and institutional factors. This principle allows us to evaluate the food belt at the levels of the region, agricultural

region, administrative district and enterprise, to draw integral conclusions by rationing and weighing indicators. The proposed approach can serve as an important methodological basis, especially for regions in Kazakhstan and Central Asia, where the process of urbanization is intensified, water and land resources are limited, and logistics risks are high.
The purpose of the study is to methodically substantiate the system of geographical prerequisites in the study of the food Belt and consider it in connection with the tasks of spatial planning, placement of the agro - industrial complex, and ensuring food security.

Keywords: factor; food belt; resource; determinism; environmentalism; center-periphery.

Методологические основы системы географических предпосылок в исследовании продовольственного пояса

Гульнара Оспанова, Алим Мылкайдаров, Айгерим Сансызбаева

Аннотация: В статье рассматривается система географических факторов и географических предпосылок как теоретико-методологическая основа исследования продовольственного пояса. Актуальность исследования определяется необходимостью обеспечения продовольственной безопасности вблизи крупных городских агломераций, сохранения стабильности поставок продукции и эффективной организации пространственно-экономических связей между городом и деревней. Обобщена эволюция научных подходов от географического детерминизма до современных системно-многофакторных подходов к анализу и раскрыто их прикладное значение в оценке продовольственного пояса. Методика исследования базировалась на подходах сравнительно-исторического анализа, теоретического обобщения, систематизации и многоуровневого факторного анализа. В качестве основного результата работы предложен принцип «факторы-уровни-показатели-результат», объединяющий природно-агроэкологические, социально-экономические, пространственно-логистические и институциональные факторы. Данный принцип позволяет оценивать продовольственный пояс на уровнях области, сельскохозяйственной зоны, административного района и предприятия, делать интегральные выводы путем нормирования и взвешивания показателей. Предложенный подход может стать важной методологической основой, особенно для регионов Казахстана и Центральной Азии, где усилен процесс урбанизации, ограничены водные и земельные ресурсы, высоки логистические риски.
Цель исследования - методологическое обоснование системы географических предпосылок в исследовании продовольственного пояса и рассмотрение ее в связи с задачами пространственного планирования, размещения агропромышленного комплекса, обеспечения продовольственной безопасности.

Ключевые слова: фактор; продовольственный пояс; ресурс; детерминизм; энвайроментализм; центр-периферия.

Редакторлар: **Э.Е. Копишев, Н.Е. Рамазанова**

Авторларға арналған нұсқаулықтар,
жарияланым этикасы журнал сайтында енгізілген: http://bulchmed.enu.kz

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы.
Химия. География сериясы.
– 2 (155)/2026 – Астана: ЕҰУ. 200 б.
Шартты б.т. – 20.43. Таралымы – сұраныс бойынша.
Басуға қол қойылды: 30.06.2026
Ашық қолданыстағы электронды нұсқа: http://bulchmed.enu.kz

Мазмұнына типография жауап бермейді

Редакция мекен-жайы: 010008, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Сәтбаев көшесі, 2.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Тел.: +7(71-72) 70-95-00(ішкі 33-207)
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің баспасында басылды